

**ҚАРА МЕТАЛДАР
ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**
(ЗЕРТХАНАЛЫҚ ПРАКТИКУМ)



 **TORAIGHYROV
UNIVERSITY**

ПАВЛОДАР

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Торайғыров университеті

А. Қ. Жүнісов, А. Қ. Жүнісова, Ж. Шошай,
А. Е. Кенжебекова, Н. Қ. Құлумбаев

ҚАРА МЕТАЛДАР ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ (ЗЕРТХАНАЛЫҚ ПРАКТИКУМ)

Жоғары оқу орындарының металлургия мамандықтарының
студенттері мен магистранттарына арналған оқу құралы

Павлодар
Toraighyrov University
2022

ӘОЖ 669.01(075.8)

КБЖ 34.32я73

Қ41

Торайғыров университетінің ғылыми кеңесі баспаға ұсынды.

Рецензенттер:

Ж. С. Оналбаева – PhD докторы, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті;

Е. Ж. Шабанов – PhD докторы, Ж. Әбішева атындағы химия-металлургия институты;

Л. Б. Толымбекова – PhD докторы, қауымдастырылған профессор.

Жүнісов А. Қ.

Қ41 Қара металдар өндірісінің технологиясы (Зертханалық практикум) : жоғары оқу орындарының металлургиялық мамандықтарына арналған оқу құралы / А. Қ. Жүнісов, А. Қ. Жүнісова, Ж. Шошай, А. Е. Кенжебекова, Н. Қ. Құлумбаев. – Павлодар : Toraighyrov University, 2022. – 108 б.

ISBN 978-601-345-302-6

Оқу құралында зертханалық жұмыстарды жүргізу әдістемесі келтірілген. Зертханалық жұмыстарды орындау жиынтығына кенді материалдарды металлургиялық қайта балқытуға (ұсақтау, ұнтақтау, кесектеу, агломерация) дайындау, сондай-ақ индукциялық пеште қара металдарды балқыту бағыттары кіреді.

Оқу құралы студенттерге ұсынылады және жоғары оқу орындарының металлургиялық мамандықтарының магистранттарына пайдалы болуы мүмкін.

ӘОЖ 669.01

КБЖ 34.32я73

ISBN 978-601-345-302-6

© Жунусов А. К. және т. б., 2022

© Toraighyrov University, 2022

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

«Кен дайындау және байыту», «қара металдар өндірісінің технологиясы», «Ферроқорытпалар электрометаллургиясы», «Болат электрометаллургиясы» оқу курсының бағдарламасына сәйкес құрастырылған және 6B07205 «Металлургия» мамандығының студенттеріне зертханалық жұмыстарды жүргізуге арналған оқу құралы.

Оқу құралының негізгі мақсаты – студенттерді кендер мен жыныстардың физикалық сипаттамаларын анықтаудың негізгі әдістерін игеруге, оларды кенді балқытуға дайындауда пайдалануға, атап айтқанда ұсақтау, ұнтақтау, байыту, кесектеу, агломерациялауға және металдарды балқытуға үйрету. Оқу құралының негізгі мазмұны бірнеше модульге бөлінген:

1) кен шикізатының физикалық қасиеттері, олардың кенді тұтынушыға жеткізуде әсерін тигізеді, яғни ыдыстарға жүктеуге, бункерлерден түсіруге және басқада кен дайындау бөлімшелерінің көрсеткіштеріне әсер етеді;

2) пайдалы қазбаларды бос жыныстардан бөлуден тұратын минералды бөлу, яғни байытуға дейінгі дайындық жұмыстары;

3) кен және кен емес материалдардың физикалық, минералогиялық және физика-химиялық қасиеттерінің айырмашылықтарына негізделген кендерді байыту әдістері;

4) байланыстырғыш материалдарды пайдалана отырып түйіршіктеу әдісіне негізделген ұсақ кендер мен елемдерді (кен елемі) кесектеу;

5) кесектеу термиялық тәсілдеріне негізделген ұсақ кендер мен елемдерді кесектеу;

6) қара металдарды индукциялық пеште әртүрлі қалдықтар мен металл сынықтарын пайдалана отырып балқыту.

Әр модульде мазмұны жағынан жақын бірқатар жұмыстар бар. Әрбір модуль бойынша жұмыс көлемі оқу жоспарында көзделген зертханалық сабақтар сағаттарының санына пропорционалды. Оқу құралын құрастыру кезінде барлық жұмыстар 5-10 студенттен тұратын топтарда орындалады деп қарастырылған. Бірінші зертханалық сабақта оқытушы студенттерді зертханалық практикумның міндеттерімен, есептерге қойылатын талаптармен, зертхананың ішкі тәртіп ережелерімен таныстырады.

Кіріспе нұсқаулықтан кейін оқытушының қатысуымен оқу шебері студенттерді қауіпсіздік ережелерімен таныстырады және арнайы

журналда қауіпсіздік ережелерімен танысқаны және өткені туралы жазбамен белгіленеді.

Қауіпсіздік техникасы ережелерін меңгермеген студенттер жұмыстарды орындауға рұқсат берілмейді. Жұмысты бастай отырып, студент оның сипаттамасын оқып, ұсынылған әдебиеттерімен танысып, жұмыстың мақсатын, негізгі процестердің технологиялық параметрлерін, сызбаларды, қондырғылар мен құрылғыларды көрсете отырып, қысқаша конспект жасауы керек.

Әр зертханалық сабақтың басында студенттер алдыңғы орындалған жұмыс туралы есепті қорғап, жаңа жұмысты орындауға рұқсат алуы керек.

Есеп мыналарды қамтуы қажет:

- бастапқы шикізаттың сипаттамасы;
- жұмыс барысының сипаттамасы;
- сынақ әдістемесінің сипаттамасы;
- қондырғылардың, аспаптардың схемалары;
- сынақ нәтижелері;
- кестелер, диаграммалар және суреттер;
- қорытынды.

1 Кен дайындау және байыту бойынша зертханалық жұмыстар

1.1 Шикізаттың жорамал тығыздығын анықтау. Зертханалық жұмыс № 1


Жорамал тығыздықты анықтау әдісі қатты зат массасының оның алатын көлеміне, сонымен қатар оның ішіндегі кеуек көлеміне қатынасын анықтауға негізделген.

1.1.1 Жұмыс мақсаты: тығыздықты (көлемдік массаны) анықтау.

Сынақтарды жүргізу үшін қолданылады:

- ВЛТЭ-2200 зертханалық таразы;
- кір тасы бар күйентелі зертханалық таразылар;
- тесілген перформацияланған металдан немесе сымнан жасалған диаметрі 45–50 мм және биіктігі 110–120 мм цилиндр пішінді себет;
- диаметрі 75–80 мм және биіктігі 170–180 мм гидростатикалық өлшеуге арналған цилиндр пішінді полиэтилен ыдысы.
- тұғыр, балға, қалақша, пинцет, термометр 0–80 °С.
- тазартылған су, парафин, металл стақан, қуаты 200–500 Вт электр плитасы.

Сынақтарға дайындық. Себетке салу үшін жеткілікті мөлшерде ірілігі 10–30 мм шикізат (кен, агломерат, шекемтастар, флюстер) сынамасы 1.1-суретте көрсетілгендей алынады.



1 – таразы; 2 – тұғыр; 3 – сынама салынған себет; 4 – су құйылған ыдыс; 5 – себеттің ілмесі

1.1-сурет – Қондырғы схемасы

Сынауға арналған сынама кептірілген болуы тиіс (№ 3 зертханалық жұмысты қараңыз.) және эксикатордан алынды.

Ыдысты гидростатикалық өлшеу үшін тазартылған сумен себетті толығымен батыруға жеткілікті деңгейге дейін толтырыңыз, судың температурасы 20–25 °С болуы керек.

1.1.2 Сынақты жүргізу. Тығыз, суда ыдырамайтын кендердің, шекемтастардың, флюстардың көрінетін тығыздығын анықтау. Өлшенген сынама өлшендісі себетке салынады. Өлшенген сынама өлшендісі бар себетті су құйылған ыдысқа толық батырылғанға дейін түсіреді және суда 5 минут ұстайды, сынама өлшендісінің бетінен ауа көпіршіктерін шығару үшін периодты түрде қозғалтып отыру қажет.

Судағы сынама өлшендісі бар себетті судан шығарғаннан кейін екі минуттан кейін өлшейді. Кокстың қалқып шығуын көру үшін оны суда өлшеген кезде перфорацияланған тақтайшамен қыздырады. Бұл жағдайда себет плитамен бірге ауада және суда өлшенеді.

1.1.3 Ірі кеуекті және суда ыдырайтын агломераттардың жорамал тығыздығын анықтау. Кеннің өлшендісі ауада өлшенеді, содан кейін парафинді жағу арқылы қаптайды, әр бөлікті 60–65 °С температурада ерітілген парафинге 1–2 секундқа батырады. Парафин қабықшамен жабылған өлшенді себетке салынып, өлшенеді. Өлшенді салынған себетті су құйылған ыдысқа салып, 10–20 секундтан кейін суда өлшейді. Себетті судан 3–5 секундтан кейін алып, қайтадан ауада өлшейді.

Парафинмен қапталған өлшенді массасын ауада, суда және судан шығарғаннан кейін есептейді.

Нәтижелерді 1.1-кестеде келтірілген журналға жазады.

1.1.4 Нәтижелерді өңдеу. Тығыз, суда ыдырамайтын кендер мен шекемтастардың жорамал ρ_c , г/см³ тығыздығы келесі формула бойынша есептеледі:

$$\rho = (m / (m_2 - m_1)) \cdot \rho_c \quad (1.1)$$

мұндағы m – өлшендінің ауада өлшеу кезіндегі салмағы, г;

m_1 – суда өлшеу кезінде өлшендінің салмағы, г;

m_2 – ылғалды өлшендінің оны ауада өлшеген кездегі салмағы, г;

ρ_c – судың тығыздығы 1 г/см³ тең.

Агломераттардың, ірі кеуекті және суда ыдырайтын кендердің жорамал ρ_k , г/см³ тығыздығы мына формула бойынша есептеледі:

$$\rho_k = m / ((m_3 - m_2 / \rho_B) - (m_1 - m / \rho_n)) \quad (1.2)$$

мұндағы m – өлшендінің ауада өлшеу кезіндегі салмағы, г;

m_1 – ауада өлшеу кезінде парафинделген өлшендінің салмағы, г;

m_2 – суда өлшеу кезінде парафинделген өлшендінің массасы (жорамал), г;

m_3 – ауада өлшеу кезінде судан алынған парафинделген өлшендінің салмағы, г;

ρ_B – судың тығыздығы, 1 г/см³.

ρ_n – парафиннің тығыздығы, 0,9 г/см³.

1.1-кесте – Агломераттың тығыздығын анықтау журналы

Материалдың атауы, күні				
Массасы, грамм				Тығыздығы, ρ г/см ³
Ауадағы өлшенді m	Ауада парафинделген өлшендінің m_1	Парафиннің жорамал массасы. судағы өлшендінің m_2	Парафин. ауада өлшеу кезіндегі судан алынған өлшенді m_3	

Есептеулер 0,01 г/см³ көп емес қателікпен жүргізіледі. Егер олардың арасындағы алшақтық 0,08 г/см³-тен аспаса, талдаудың түпкілікті нәтижесі үшін екі параллель мәндердің нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні алынады. Артық шыққан кезде үшінші анықтау жасалады және талдаудың соңғы нәтижесі үшін ең жақын екі мәнің арифметикалық орташасы алынады.

1.1.5 Қауіпсіздік шаралары. Балқытылған парафинмен жұмыс істеу кезінде күйіп қалудан сақ болу керек.

Бақылау сұрақтары

1. Парафиннің көлемін қалай анықтауға болады?
2. Парафиннің массасын қалай анықтауға болады?

1.2 Сусымалы материалдың үйінді тығыздығын анықтау. зертханалық жұмыс № 2

1.2.1 Жұмыстың мақсаты: шикізаттың физикалық қасиеттерінің үйінді тығыздығына әсерін зерттеу.

1.2.2 Жалпы мәліметтер. Сусымалы орта деп көлемі сусымалы ортаның көлемімен салыстырғанда өте аз болатын қатты бөлшектердің жиынтығымен түсіндіріледі. Сусымалы денелер мысалы құм, астық, ұнтақталған отын.

Сусымалы орта физикалық қасиеттері бойынша қатты дене мен сұйықтық арасындағы аралық орынды алады. Сонымен, қатты денеден сусымалы орта бөлшектердің белгілі бір қозғалыста болуымен, пішінін белгілі бір шектерде сақтау қабілетімен, шектеулі бетке қысым жасау қасиетімен, созу кедергісінің болмауымен және ығыстыру кедергісінің шектеулі болуымен ерекшеленеді.

Өз кезегінде, сұйықтық сусымалы ортадан жоғары қозғалыста болуымен, тұрақты форманың болмауымен және ығысу кедергісінің аздығымен ерекшеленеді. Осылайша, сусымалы орта қатты денеден ілінісу (жабысу) күштерінің болмауымен, ал сұйықтықтан - ішкі үйкеліс күштерінің болуымен ерекшеленетінін атап өтуге болады.

Сусымалы орта бөлшектерінің пішіні әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ, бұл жағдайда бөлшектердің мөлшері олардың ең үлкен мөлшерімен сипатталады - ұзындығы мм-де көрсетілген.

Сусымалы ортаның тйіршікті немесе гранулометриялық құрамы сынаманың жалпы массасынан пайызбен көрсетілген ондағы әртүрлі ірі бөлшектердің салыстырмалы құрамын білдіреді. Түйіршіктердің құрамы електер қатары арқылы жүйелі елеу жолымен анықталады.

Құрамның біркелкілік дәрежесі бойынша ең үлкен бөлшектердің ($d_{\max}$) өлшемдерінің ең кіші ($d_{\min}$) әр түрлі қатынастарымен сипатталатын қарапайым және сұрыпталған орталар болып бөлінеді.

Белгілі бір өлшемдегі, ылғалдылығы бар түйіршіктерден, кесектерден тұратын кез келген сусымалы материал, айқын табиғи еңісі анықталған және тұрақты бұрышқа ие.

Табиғи еңіс (көлбеулік) бұрышы – бұл кез-келген бетке ақырын түсіру кезінде осы материалдың үйіндісін құрайтын бұрыш. Бұл сусымалы материал орналасқан беттің түріне байланысты емес. Құрғақ құмның табиғи еңісінің бұрышы 30–40°, Кокс–43°.

Аралықтар - бос орта құрайтын бөлшектер немесе түйіршіктер арасындағы бос орындар ауамен, сумен толтырылуы мүмкін. Бірлік ретінде қабылданған сусымалы ортаның жалпы көлемінің үлесінде көрсетілген қуыстардың көлемін кеуектілік ε , б.бөл. деп аталады:

$$\varepsilon = V_{\pi}/V_0 \quad (1.3)$$

Сусымалы материалдардың кеуектілігі олардың гранулометриялық құрамына, яғни әртүрлі мөлшердегі бөлшектердің

салыстырмалы құрамына, бөлшектердің орналасу формасына және қысымға байланысты.

Белгілі бір жағдайларда еркін себілген сусымалы материалдардың тығыздығы себілу (үйінді) ρ_n , кг/ м³ тығыздығы деп аталады және материал массасының оның көлеміне қатынасы бойынша анықталады:

$$\rho_n = m / V \quad (1.4)$$

Үйінді (себу) тығыздық (кей кезде үйінді (себу) массасы деп аталады) материалдың шынайы тығыздығына (яғни ішкі кеуектерін ескермегенде) және кеуектілікке байланысты:

$$\rho_n = \rho_n (1 - \varepsilon) \quad (1.5)$$

Демек, сусымалы тығыздық материалды ыдысқа себу әдісіне байланысты: яғни кеуектілік мөлшеріне байланысты: материал тостаған (құйғы) арқылы жүктелген кезде борпылдақ қабаттың минималды үйінді (себу) тығыздығы пайда болады, содан кейін диаметрі 100 мм ыдыстан артық мөлшерді ақырын (абайлап) алып тастайды; дірілді әдісімен қабатты тығыздағаннан кейін ρ_n максималды мәні алынады.

1.2.3 Жабдықтар, құралдар және материалдар. Зертханалық қондырғының сипаттамасы. Тостаған (құйғы) 1 астына өлшеу ыдысын 2, құйғыштың шығу тесігі көлемі бір литрге диаметрде 100 мм тең болатын өлшеу ыдысының ортасына сәйкес келетіндей етіп 1.2-суреттегідей қойылады.

Материал жабық ысырмамен құйғыға себеді (салады), содан кейін ысырма ашылып, өлшеуіш ыдыс толтырылады. Ыдыс артық толтырылған кезде, жапқышпен жабылады, ал артық материал сызғышпен ыдыстың шеттерімен сызғышты көлбеу күйде ұстап, оны ыдыстың шеттеріне қысып қырып алынады. Бұл жағдайда материалдардың тығыздалуына ықпал ететін соққыларды болдырмау керек.

Материал салынған ыдысты өлшейді және себу (үйінді) тығыздығын формула бойынша анықтайды:


$$\rho_n = m_n / v = (m_6 - m_T) / v \quad (1.6)$$

мұндағы, m_n – материалдың массасы (нетто массасы), г;

m_6 – материалдың ыдысымен бірге массасы (брутто массасы), г;

m_T – ыдыстың массасы , г;

V – ыдыстың көлемі, см³.



1.2-сурет – Сусымалы материалдың себу (үйінді) тығыздығын анықтауға арналған қондырғы

1.2.4 Жұмысты орындау тәртібі. Жұмыстың мақсаты сусымалы материалдың гранулометриялық құрамының үйінді (себу) тығыздыққа әсерін зерттеу болып табылады.

а) оқытушының нұсқауы бойынша сұрыпталған сусымалы материалды (фракциялар 0,1–0,2; 0,2–1,0; 1,0–1,6 немесе басқасын) алу;

б) Фракцияның орташа мөлшерін анықтау:

$$d_{cp} = (d_{max} + d_{min}) / 2 \quad (1.7)$$

в) әр фракцияның үйінді (себу) тығыздығын анықтау

г) үйінді (себу) тығыздықтың сусымалы материал фракцияларының орташа диаметріне графикалық тәуелділігін құру және қорытынды жасау.

Бақылау сұрақтары

1. Кеуектіліктің сусымалы материалдың тығыздығына әсері.
2. Сусымалы ортаның физикалық қасиеттері.
3. Үйінді (себу) тығыздығына кеуектіліктің әсері.
4. Гранулометриялық құрамды анықтау әдісі.
5. Дененің ақиқат тығыздығын анықтау.

1.3 Сусымалы материалдардың табиғи еңісінің (көлбеулігінің) бұрышын анықтау. Зертханалық жұмыс № 3

1.3.1. Жұмыстың мақсаты: Шикізаттың физикалық қасиеттерінің олардың табиғи еңісінің (көлбеу) бұрышына әсерін зерттеу.

1.3.2 Жалпы мәліметтер. Сусымалы денелердің маңызды физика


механикалық қасиеттерінің бірі ол ішкі үйкеліс немесе тұтқырлық болып табылады. Бұл бөлшектердің қозғалысы кезінде жылдамдық градиентінің олардың арасындағы үйкеліске байланысты.

Сусымалы денелердің ішкі үйкеліс коэффициенті табиғи еңіс (көлбеу) бұрышының тангенсіне тең және сусымалы материалдардың ағу жылдамдығын анықтауға байланысты.

1.3.4 Зертханалық жұмыстың сипаттамасы. Табиғи еңіс (көлбеулік) бұрышын анықтау әдістемесі. Құйғы 1-астына 1.3-суретте көрсетілген бұрыш өлшегішті 3 құйғы шығыс саңылауы бұрыш өлшегіштің ортасына сәйкес келетіндей етіп қояды, оның жақтарында негізге градирлеу бұрыштарында орналасқан сызықтар салынады.

Материал жапқышы бар құйғыға салынады, содан кейін жапқышты ашып, бұрыш өлшегішке себіледі. Бұрыш өлшегіш «А» нүктесіне дейін толғанда, жапқыш тез жабылады, ал осы кезде соққылардан болдырмау керек.

Егер салынған (себілген) материалдың жоғарғы жағы «А» - нүктесінен төмен немесе жоғары болса, онда табиғи еңіс (көлбеу) бұрышы қатемен анықталады, өйткені бұрыш өлшегішті градуирлеу «А» - нүктесінен жүргізіледі.



1.3-сурет – Табиғи еңіс (көлбеулік) бұрышын анықтауға арналған қондырғы

1.3.5 Жұмысты орындау тәртібі. Жұмыстың мақсаты сусымалы материалдың гранулометриялық құрамының табиғи көлбеу бұрышының мөлшеріне әсерін зерттеу болып табылады.

- оқытушының нұсқауы бойынша сұрыпталған сусымалы материалды алу керек, мысалы фракциялар (0,2–1,0 ; 1,0–1,6; 1,6–2,5 немесе басқа);

- №1 зертханалық жұмысқа сәйкес фракцияның орташа мөлшерін анықтау;

- Әр фракцияның табиғи көлбеу бұрышын анықтау (α);

- Табиғи көлбеу бұрыштың әр фракцияның орташа диаметріне графикалық тәуелділігін құру және қорытынды дайындау.

Бақылау сұрақтары

1. Сусымалы денелердің ішкі үйкеліс коэффициенті.
2. Сусымалы материалдардың ағу (сырғу) мысалдары.
3. Сусымалы денелердің ағу жылдамдығының табиғи еңіс бұрышына (немесе ішкі үйкеліс коэффициентіне) тәуелділігі.

1.4 Саңылаудан сусымалы материалдардың ағып өту жылдамдығы. зертханалық жұмыс №4

1.4.1 Жұмыстың мақсаты: шикізаттың физикалық қасиеттерінің олардың тесіктен ағып шығу жылдамдығына әсерін зерттеу.

1.4.2 Жалпы мәліметтер. Ежелгі уақытта гравитациялық күштердің әсерінен сусымалы материалдардың ағып өту процесінің сипаттамалары байқалғаны әдебиеттерде келтіріледі.

Бұл ерекшеліктердің саңылаудан сусымалы материалдың ағу жылдамдығының тұрақтылығында және оның тесіктің үстіндегі материал қабатының биіктігінен тәуелсіздігінде екенінде.

Сондықтан, аталған сусымалы материалдардың ағуы (сусып ағуы) процестердің бұл ерекшеліктері қазіргі уақытта қолданылатын құм сағат өнертабысында көрініс тапқан.

Саңылаудан сусымалы дененің ағуы бөлшектердің диаметріне (d_{cp}), үйінді (себу) массасына (ρ_n) және ішкі үйкеліс коэффициентіне тәуелді: $\mu = \operatorname{tg}(\alpha)$

$$V = \rho_n \cdot D^3 (0,1 \cdot \mu + 0,3 d_{cp}), \quad (1.8)$$

мұндағы D – ағып шығатын тесіктің диаметрі

1.4.3 Ағу жылдамдығын анықтау әдістемесі. Алдында табиғи көлбеу бұрышы және үйінді (себу) массасы анықталған, белгілі фракцияның материалы «Аулау» құйғыға салынады,. Жапқышты ашқан кезде секундомер қосылады, құйғы босатылған сәтте секундомер тоқтатылады. Ағу уақыты бақылау журналына 1.2-кестеге жазылады. Көлемдік жылдамдықты есептейміз:

$$V_0 = V_c / \tau, \quad (1.9)$$

мұндағы V_c – материалдың көлемі;

Массалық жылдамдық анықталады:

$$V_m = m / \tau, \quad (1.10)$$

$$\text{мұндағы } m = \rho_n \cdot V_c;$$

1.4.4 Жұмысты орындау тәртібі. Жұмыстың мақсаты шикізаттың гранулометриялық құрамының, оның сусымалы массасының және табиғи көлбеуліктің (еңістің) (яғни ішкі үйкеліс коэффициенті - μ) бұрышының сусымалы шикізаттың ағу жылдамдығына әсерін зерттеу болып табылады:

- белгілі физика-механикалық сипаттамалары бар сұрыпталған материалды алу керек. Материал толтырылған ыдыстың 2 көлемінде үйінді (себу) массасы өлшегеннен кейін алынады.

- материалдың ағу уақытын анықтау;

- кестені толтырып, көлемдік және массалық жылдамдықты анықтау қажет;

- эмпирикалық (1.10) формуласы бойынша V есептеңіз, экспериментпен салыстырып және қорытынды жасаңыз.

1.2-кесте – Жылдамдық уақыты

тәжірибе №	d_{cp} , мм	ρ_n г/см ³	α град	$tg \alpha = \mu$	τ , сек	D , мм	V_0	V_m

Бақылау сұрақтары

1. Сусымалы материалдың ағып шығуы қандай технологиялық процестерге байланысты?

2. Неліктен шикізат бункерлерден шығарылған кезде «кептелу» пайда болады?

3. Қабат биіктігінің сусымалы материалдардың ағу жылдамдығына әсері қандай?

1.5 Шикіқұрам материалдарының ылғалдылығын анықтау. Зертханалық жұмыс № 5

1.5.1 Жұмыстың мақсаты: Кенді және кенді емес шикізаттың ылғалдылығын анықтау әдістемесін меңгеру.

1.5.2 Жалпы мәліметтер. Кендердің, концентраттардың, агломераттың, шекемтастардың, әктастың, доломиттің, кокстың және басқа да шикіқұрам материалдарының ылғалдылығы деп олардағы шикізат массасына пайызбен көрсетілген бос және гигроскопиялық ылғалдың болуымен түсіндіріледі.

Топырақтың ылғалдылығы «W» – бұл сынамадағы су массасының тұрақты массаға дейін кептірілген осы үлгінің массасына қатынасы.

Табиғи ылғалдылықтың мөлшері шикізаттың физикалық күйінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Мысалы, шикізатты кеніштен зауытқа теміржол көлігімен тасымалдау кезінде кен қатып қалады және вагон аударғыштан төгілмейді, сондықтан вагондар жылыту бөлмелеріне әкелінеді.

Бақыланбайтын ылғалдылық жағдайында пешке материалдарды жүктеу техникалық-экономикалық көрсеткіштердің ауытқуына әкеледі, ал сұйық металды ылғалды материалға құю жарылысқа әкеледі.

Ылғалдылықтың сандық мәндері темір қабаттың массасын есептеу, меншікті салмағын, өнеркәсіптік кептіргіштердің жұмыс уақытын анықтау үшін қолданылады.

1.5.3 Жабдықтар, құралдар және материалдар. Жұмысты орындау үшін қолданылады:

- зертханалық таразы ВЛТЭ – 2200;
- термометрлі 200 °C дейін кептіру шкафы;
- алюминий стақандары;
- металл қалақша;
- түзу жүзді пышақ;
- тигель қысқыштары;
- эксикатор.

1.5.4 Жұмысты жүргізу тәртібі

- Қақпағы бар бос нөмірленген стақанды өлшеу (m_1 , г);
- Салмағы 20–50 г шикізат үлгісін стақанға салып, қақпағын жауып, өлшеу керек (m_2 , г);
- Сынамамен стақандар қақпақтары сәл ашылған кептіру шкафына қойылады. Үлгілерді кептіру шкафында 180–200 °C температурада 15 минут ұстайды;
- Кептіру аяқталғаннан кейін сынама кальций хлориді бар эксикаторда суытылады, ол су буын сіңіреді. Өлшенген мәліметтер журналға 1.3-кестеге енгізіледі;
- Эксикаторда салқындағаннан кейін кептірілген сынамасы бар стақандар өлшенеді (m_3 , г);
- Бұдан әрі сынамалары бар стақандар басқа жұмыстарда кейінгі сынақтар жасау үшін эксикаторға салынады.

1.3-кесте – Шікіқұрам материалдарының ылғалдылығы

Материалдың атауы, күні:					
Стақан нөмірі	Массасы, г			Шикізаттың ылғалдылығы, W, %	
	Ыдыс m_1	Брутто ылғалды m_2	Брутто құрғақ m_3	Салыстырмалы	Абсолюттік

1.5.5 Сынақ нәтижелерін өңдеу. Кептіруден бұрын материалдың массасын анықтау керек

$$m_0 = m_2 - m_1 \quad (1.11)$$

Кептіруден кейінгі сынама массасы:

$$m = m_3 - m_1 \quad (1.12)$$

Салыстырмалы ылғалдылық формула бойынша есептеледі:

$$W_{\text{отн}} = (m_0 - m) \cdot 100 / m_0, \%$$

Формуладан абсолютті ылғалдылықты су араластыруды табамыз:

$$W_{\text{абс}} = (m_0 - m) \cdot 100 / m, \%$$

Бір уақытта материалдың бір түріндегі үш стақанда сынау кезінде нәтижелер орташаланады және соңғы нәтиже ретінде беріледі.

1.5.6 Қауіпсіздік шаралары. Сынақтарды жүргізер алдында электр жабдықтарының жарамдылығына көз жеткізу керек: кептіру шкафының есігі тығыз жабылуы тиіс, Электржетек пен ашалық (штепсельдік) жалғау зақымдалмауы тиіс. Күюіп қалмау үшін кептіргіш шкафтан стақандар тигельді қысқыштардың көмегімен шығарылады.

Бақылау сұрақтары

1. Кеннен судың қандай түрлері бөлінеді?
2. Шикізаттың салмақтық ылғалдылығы дегеніміз не?
3. Ылғалдылық материалдардың физикалық жағдайына қандай әсер етеді?
4. Гигроскопия дегеніміз не?
5. Ылғалдылықты анықтаудың қалыпты және жеделдетілген әдістері арасындағы айырмашылықтарды атаңыз.

1.6 Кен материалдарын уату (ұсату). Зертханалық жұмыс № 6

1.6.1 Жұмыстың мақсаты: ұсату көрсеткіштерін анықтау.

1.6.2 Жалпы мәліметтер. Материалдарды ұсату (уату) белгілі бір мөлшердегі кесектерді алу үшін қолданылады, өйткені карьерлерден қазып алынған кендер, флюстер және т.б. шикізаттар полидисперсті сусымалы материалдар болып табылады және олардың құрамында оңтайлы мөлшерден асатын үлкен кесектер де, ұсақ, шаң тәрізді фракциялар да (кластар) бар. Шикіқұрам материалдарының оңтайлы ірілігіне оларды ұсату және елеу (сұрыптау) жолымен қол жеткізіледі.

Ұсату процесінің технологиялық көрсеткіштері ұсақтау тиімділігі мен дәрежесі болып табылады. Ұсақтау дәрежесі деп ұсақтау нәтижесінде кесектердің мөлшерін азайту дәрежесін айтады:

$$i = d_0 / d, \quad (1.13)$$

мұндағы d_0 и d – кесектердің ұсақтауға дейін және кейінгі сәйкесінше максималды өлшемі.

Ұсақтау дәрежесі кеннің бастапқы өлшеміне, уатқыш түріне және негізінен ұсақталатын материалдың беріктігіне байланысты анықталады.

Ұсақтау әр кезең үшін уатқыштың ең қолайлы түрін қолдана отырып, бірнеше сатыда жүзеге асырылады.

Кеңінен қолданылатын уатқыштардың көбісі болаттан жасалған екі беттің бір –біріне қарама-қарсы бақытта жанасу арасында кен кесектерінің сығылуы нәтижесінде уатылу принципі бойынша жұмыс істейді: жақты уатқыштар (ірі, орташа және ұсақ ұсату), білікті және балғалы (орташа және ұсақ ұсату).

1.6.3 Жабдықтар, құралдар және материалдар. Жұмысты орындау үшін қолданылады:

- зертханалық жақтаулы ұсатқыш ЖҰ 60×100, төмендегі 1.4-суретте келтірілген;
- таразы ВЛТ7 2200;
- кесектігі 25–35 мм және салмағы 1–1,5 кг кен;
- кронциркуль-штангенциркуль, бөліктері бар сызғыш;
- қалақ, қалақшалар, банкалар, ыдыстар.



1.4-сурет – Жақтаулы ұсатқыш

1.6.4 Жұмысты жүргізу тәртібі. Ұсақтауға дейін де, одан кейін де (d_0 және d) материал кесектерінің орташа максималды өлшемін анықтау үшін көз мөлшермен үш максималды кесекті алады және олардың әрқайсысын үш өзара перпендикуляр бағытта өлшейді.

Әр кесектің орташа өлшемі формула бойынша анықталады:

$$d = l + b + h / 3, \quad (1.14)$$

мұндағы l , b , h – сәйкесінше өлшемді жасау бойынша кесектің ұзындығы, ені және қалыңдығы, мм, жасалған өлшем бойынша кесектің қалыңдығы, мм.

Сонда мысалы, ұсақталғанға дейінгі материал кесектерінің орташа максималды өлшемі, келесі өрнектен анықталады:

$$d_0 = d_1 + d_2 + d_3 / 3. \quad (1.15)$$

Нәтижелерді журналға 1.4-кестеге еңгізу керк. Осы өлшеуді орындағаннан кейін кенді уатқышта ұсату жүргізіледі.

Сынақты жүргізу.

- Жақты уатқыштың нұсқаулығымен танысу.

- Дайындалған кен сынамасын алу, оны зертханалық таразыларда 0,1 г дәлдікпен өлшеу. Таза салмақты анықтау.

- уатқыштың шығыс саңылауының қажетті өлшемін орнату (мысалы, 10–12 мм): оның астына жайпақ қаңылтыр ыдысты салыңыз, уатқышты қосыңыз және бастапқы материалдың төрттен бір бөлігін уатқыштың жүктеу тесігіне қалақшамен салыңыз да, жүктеу тесігін қақпақпен дереу жабыңыз. Содан кейін кезекпен қалған бөліктерін салып отыру керек.

1.6.5 Нәтижелерді өңдеу. Уатқаннан кейін ұсатылған материалдың массасын және бастапқымен салыстыруда анықтаймыз. Уату кезінде шығындардың пайызын анықтаймыз:

$$\Delta = (m_0 - m / m) \cdot 100\% \quad (1.16)$$

3% артық қате болған жағдайда эксперимент қайталанады.

1.4-кесте – Фракциялық құрамы

Материалдың атауы, күні:				
Көрсеткіштер	l	b	h	d
Өлшемдері, мм:				
Ұсатуға дейін:				
Ұсатудан кейін:				

Бұдан әрі (1.14) және (1.15) формулалар бойынша ұсатылған материалдың ең жоғары кесектерінің орташа диаметрі және (1.16) формула бойынша ұсату дәрежесі анықталады.

1.6.6 Қауіпсіздік шаралары. уатқыштарды қосуға оқытушының рұқсатын алғаннан кейін және жұмыстың барлық қатысушыларын қосу туралы ескертке жасау арқылы жұмыс тобының бригадирі ғана қосуға рұқсатты бар. Уатқыштың жұмысы кезінде материалды уатқыштың жақтары арасында итеруге, тазартуға, сондай-ақ түсіру саңылауының мөлшерін реттеуге қатаң тыйым салынады.

Жақты уатқыштардың нұсқауларына сәйкес қосымша шаралар ЖҰ 60×100.

Бақылау сұрақтары

1. Жақты уатқыштың жұмыс принципі.
2. Жақты уатқыштардың кемшіліктері қандай?
3. Кендер мен тау жыныстарының беріктігіне қандай факторлар әсер етеді?

1.7 Шикізат материалдарын елеу. Зертханалық жұмыс № 7

1.7.1 Жұмыстың мақсаты: Елеу көрсеткіштерін анықтау.

1.7.2 Жалпы мәліметтер. Материалдарды елеу мақсаты ұсақталған материалды мөлшері бойынша фракцияларға бөлу болып табылады.

Електер-елеуге арналған аппараттар қозғалмайтын (желтартқыш торлы) және қозғалмалы торлы түрлеріне бөлінеді. Кен дайындау цехтарында дірілді және инерциялық електер кеңінен қолданылды.

Елеу тиімділігі – бұл нақты еленген фракция санының бастапқы материалдағы осы фракциялар санына қатынасын білдіретін көрсеткіш:

$$\eta = (P \cdot (\alpha - v)) / (\beta - v) : (P \cdot \alpha) / 100, \quad (1.17)$$

$$\eta = (\alpha - v) \cdot 100\% / (\beta - v) \cdot 0,01\alpha.$$

мұндағы P – уақыт бірлігінде елекке берілетін бастапқы кеннің массасы, т/сағ;

α – бастапқы материалдағы фракциялардың мөлшері (құрамы) %;

v және β – тордың астындағы және үстіндегі өнімінде осы фракцияның мөлшері (құрамы) %.

Електеу (елеу) тиімділігін анықтау үшін бастапқы материал мен тор үстіндегі өнімнің сынамалары алынады. Олардың әрқайсысының массасы 100 % деп қабылданады. Сынамалар торда електің саңылаулар өлшемдеріне сәйкес таралады.

1.7.3 Жабдықтар, құралдар мен материалдар

- дірілді елек Гр-3 төмендегі 1.5-суретте көрсетілген, қол елегі, электронды таразы (5 кг);

- ірілігі 0–5 мм және салмағы 1–1,2 кг кен, қалақтар;

- қалақшалар, банкалар-ыдыстар, бөліктері бар сызғыш.



1.5-сурет – Зертханалдық дірілді елек

1.7.4 Жұмысты жүргізу тәртібі. Електің жұмыс тиімділігін есептеу үшін бастапқы кендегі фракцияның таралу құрамын (α) анықтау қажет. Кен сынамасының ұсақтау параметрлерін квартования (төрт бөлікке бөлу) әдісін қолдана отырып анықтағаннан кейін (3.1) алынады: клеенкада сынама орташаланады және жұқа қабатпен тегістеледі және металл сызғышпен айқастырып төрт бөлікке бөлінеді. Қарама-қарсы екі бөлік (диагональ бойынша) қолмен елеу үшін іріктеледі. Басқа екеуі - дірілді електе елеу үшін алынады. Елек торының ұяшықтарының мөлшері бірдей (тесіктердің диаметрі 2,5 мм).

Бірінші сынама тұпқоймаға (поддонға) жүктеледі, қақпақпен жабылады және қолмен мұқият електен өткізіледі. 5 минуттан кейін бастапқы шикізатындағы (α) електен өткен сыныптың құрамын анықтау үшін тор астындағы өнімді өлшейді.

1.7.5 Сынақты жүргізу

- Дірілді електің нұсқаулығымен танысу;

- Төрт бөлікке бөлі және екі диагональды бөліктерін алу (бірінші сынама) арқылы – ұсақтаудан кейін кен сынамасын ширек бөлікке бөлу әдісімен алу;

- Үлгінің массасын анықтау - таза салмақ (бірінші және екінші бөліктер $m_1=m_2$ бөліктері тең болуы керек);

- Бес минут ішінде тесіктері 2,5 мм електе қолмен елеу жүргізу;

- Себеленген фракцияны (тор астындағы өнім) өлшеп, бастапқы шикізаттағы електен өткен сыныптың санын анықтау:

$$\alpha = (m_{от} / m_1) \cdot 100\%, \quad (1.18)$$

мұндағы $m_{от}$ – еленген фракцияның массасы, г;

m_1 – қолмен елеуге арналған сынама массасы, г.

Үлгінің екінші бөлігін дірілді електің торына тегіс қабатпен салу керек (тесіктердің өлшемі қол елегімен бірдей болуы керек, яғни 2,5 мм).

Електі қосу. Електен өткізу уақыты 10 сек.

Дірілді електі өшіргеннен кейін 5 минуттан соң жоғарғы және төменгі өнімдері өлшенеді.

Тор үстіндегі өнімі қолмен електен 5 минут ішінде өткізіледі. Бұл тор үстіндегі «v» - өнім қалдықтарының фракциясы - електен себілген (өткізілген) массасы бойынша тексеріледі.

Барлық нәтижелерді журналға енгіземіз.

1.5-кесте – Елеу шикізатының фракциялық құрамы

Материалдың атауы, күні:

Елеу ұзақтығы, сек	Қолмен себу өнімдерінің массасы, г			α , %	Дірілді елегіштен алынған өнімдердің массасы, г			v, %	η , %
	m_1	m_v	m_n		m_2	m_{vg}	m_{ng}		

Тәжірибе үшін жеткілікті дәлдікпен $\beta = 100 \%$, қабылдауға болады, яғни тор астындағы өнімде 100 % електен өткен фракция бар (басқасы жоқ).

1.7.6 Нәтижелерді өңдеу. Қолмен елеуден кейін шығындарды анықтаймыз:

$$\Delta = (m_1 - (m_v + m_n)) \cdot 100\% / (m_v + m_n) \quad (1.19)$$

егер үш пайыздан көп шығын болса, тәжірибе қайталанады.

- Бастапқы кендегі елеп тазалау фракциясының мөлшерін анықтаймыз:

$$\alpha = ((m_n / m_1)) \cdot 100\%$$

немесе

$$\alpha = ((m_n / m_n - m_b)) \cdot 100\% \quad (1.20)$$

Дірілді електің жұмыс істегеннен кейін шығындарды (1.20) сәйкес анықтаймыз және тордағы өнімді елеп тазалау фракциясының құрамын (яғни, електен өтпей және тұрып қалған ұсақ бөліктерін) есептейміз:

$$\nu = ((m_{bg} - m_b / m_1 + m_2)) \cdot 100\%, \quad (1.21)$$

мұндағы бөлімінде екі сынаманың орташаландыру олардың $\pm 2\%$ айырмашылығы кезінде ($m_1 = m_2$ болуы тиіс).

Елеу тиімділігін $\beta = 100\%$ есебімен (3) формула бойынша анықтаймыз.

1.7.7 Қауіпсіздік шаралары:

- жұмысты жасау тобының бригадирі оқытушының рұқсатымен және барлық қатысушыларды қосу туралы ескертуден кейін електі қосуға рұқсаты бар;
- електі өшіргеннен кейін шаң бөлшектерді шөгуі үшін 4-5 минут кідіру (көзді қорғау үшін);
- елек жұмыс істеп тұрған кезде бекіту бөлшектерін бұрап шешуге немесе бұрауға тыйым салынады;
- қосымша шаралар Гр-3 дірілді електің нұсқаулығына сәйкес.

Бақылау сұрақтары

1. Електің жұмыс принципі.
2. Електің тиімділігі дегеніміз не?
3. «Фракция» ұғымын түсіндіріңіз.

1.8 Шикіқұрам материалдарының гранулометриялық құрамының көрсеткіштерін анықтау. Зертханалық жұмыс № 8

1.8.1 Жұмыс мақсаты: Електеу әдісімен кен шикізатының гранулометриялық құрамын анықтау әдістемесін меңгеру.

1.8.2 Жалпы мәліметтер. Шикізаттың гранулометриялық құрамы дегеніміз әр түрлі өлшемдегі бөлшектердің салыстырмалы массалық құрамын білдіреді [2, 6].

Шикіқұрам материалдарының кесектігі, өлшемдердің біртектілігі технологиялық процестердің газодинамикасын, жылу алмасу қарқындылығын және физика-химиялық өзгерістердің жылдамдығын анықтайтын маңызды технологиялық параметрлердің бірі болып табылады.

Кенді өңдеудің әрбір процесіне технологияның тиімділігін қамтамасыз ететін шикіқұрам материалдарының өзіндік оңтайлы кесектігі сәйкес келеді.

Шикізаттың гранулометриялық немесе елек құрамы – бұл оның кесектерін (түйіршіктерінің) ірілік кластары (фракциялары) бойынша бөлу. Електік талдауы сусымалы материалдарды өлшемі бір - біріне жақын бөлшектері (фракциялары) бар топтарға бөлу жолымен елеу беттерінде калибрленген тесіктері бар торларда жүргізіледі. бар. Оны кенді ұсақтау, елеу, байыту, тасымалдау және өңдеу процестері кезінде білу қажет.

Гранулометриялық құрамды талдау технологиялық емес фракцияны (өте ірі және өте ұсақ) елеп тазарту және електің түрін таңдауға мүмкіндік береді.

Себу көрсеткіштері кен материалдары кесектерінің орташа өлшенген диаметрі болып табылады:

$$d_{cp} = \sum d_i \cdot m_i / 100, \text{ мм} \quad (1.22)$$

біртектілік коэффициенті:

$$m = d_{60}/d_{10} \quad (1.23)$$

мұндағы d_i – шикізаттың i – ші фракциясы кесектерінің орташа өлшемі, мм;


m_i – Електік талдауы бойынша осы фракцияның салмақтық шығымы, %;

d_{60} және d_{10} – сынаманың жалпы массасының тиісінше 60 % және 10 % құрайтын кесектердің максималды диаметрлері.

«т» – мәнінде (кезінде) үштен аз болса материал біртекті болып саналады.

Шикізаттың гранулометриялық құрамы сандық кестелер немесе графикалық түрде ең көп таралған графиктер-гистограммалар, таралу қисықтары және кумулятивтік қисықтар түрінде бейнеленеді.

Гистограмма немесе бағанды диаграммасы – тік осьте түзу сызыққа салынған қарша түріндегі тіктөртбұрыштарының жиынтығы алынған фракциялардың пайыздық мөлшерін, ал көлденең осьте олардың шекаралық өлшемдерінің логарифмдерін 1.6-суретте көрсетілгендей құралады.




1.6-сурет – Гистограмма

Логарифмдерді пайдалану бұл гранулометриялық талдауда - бөлшектер фракцияларға бөлінеді, олардың өлшемі геометриялық прогрессияда өседі (төмендейді) сол себепті туындаған.


Кейде гистограмма фракциялардың шекаралық өлшемдерінің айырмашылығына қарамастан, еркін таңдалған тең кесінділерді құрылады. Бірақ, бұл жағдайда бағандардың биіктігі фракция өлшемдерінің құрамына пропорционалды болады.

Үлестіру қисық сызықтарын тұрғызу фракциялардың өлшемдері абсцисса осі бойымен, ал ординат осімен олардың пайыздық құрамы 1.7-суретте көрсетілуі бойынша жасалады.



1.7-сурет – Қисық сызықта таралулар

Кумулятивтік қисық сызықта, үлестіру қисығынан айырмашылығы, кумулятивтік пайыздар ординат осіне қойылады, берілген диаметрден кіші бөлшектердің жалпы құрамы 1.8-суретте көрсетілген.



1.8-сурет – Кумулятивті қисық сызықтар

Логарифмдік шкаланы қолдану тәуелділікті теңестіруге әкеледі $m = f(d)$.

1.8.3 Жабдықтар, құралдар мен материалдар:

- електер жиынтығы бар Гр-3 дірілді елегі,
- таразы ВЛТЭ – 2200,
- ірілігі 0-10 мм және салмағы 1–1,2 кг кен, қалақтар,
- қалақшалар, банкалар-ыдыстар.

1.8.4 Жұмысты орындау тәртібі. Кен кесектерінің орташа диаметрін анықтау. Стандартты електердің конструкциясы белгілі бір заңдылықпен біркелкі өзгеруі керек: үлкеннен кішіге дейін. Елек саңылауларының өлшемдерінің ретінің қатары геометриялық прогрессияны құрайды.

Тесіктерінің өлшемдері: 3 мм, 2,5 мм, 2 мм, 1,5 мм, 1 мм стандартты електер жиынтығы металлургия кафедрасының зертханасының иелігінде.

Електік талдауды орындау үшін осы елек жиынтығын келесі ретпен орналастырамыз: металл түпқоймаға ең кішісі 1 мм тесік өлшемімен орнатылады, содан кейін оған 1,5, 2, 2,5 және 3 мм тесіктері бар елек кезекпен орнатылады.

Жоғарғы торға (елекке) салмағы 1–1,2 кг құрғақ материалдың өлшенген сынамасы салынады, қақпақпен тығыз жабылады. Електердің барлық жиынтығы Гр-3 орнағы нұсқаулығына сәйкес дірілді елекке орнатылады және бекітіледі.

Бұл жұмысты орындау үшін бастапқы материал ретінде ұсақтау дәрежесін анықтау тәжірибелерінде ұсақталған өнімді електен өткізу кезінде бөлінген 10 мм фракцияны қолдану ыңғайлы (№6 зертханалық жұмыс).

Сілкілеу (діріл) уақыты 5 минут деп қабылданады, содан кейін әр електің құрамы өлшенеді. Електік талдау нәтижелері журналға 1.6-кестеге жазылады.

1.6-кесте – Түйір өлшемдік талдау деректері

Материалдың атауы, күні:					
Фракциялар, мм	Фракцияның орташа мөлшері, d_i , мм	Шығыс		Жиынтық шығыс, %	
		г	%, m_i	Плюсте- торда жалпы қалдықтар, β^+	Минус бойынша- соммалық елеу, β^-
1	2	3	4	5	6
+ 3 ^{*)}	(3+5)/2=4	163,8	18	18	100
+ 2,5-3	(2,5+3)/2=2,75	91,0	10	28	82
+2-2,5	2,25	100,1	11	39	72
+1,5-2	1,75	145,6	16	55	61
+1-1,5	1,25	354,9	39	94	45
0-1	0,5	54,6	6	100	6
Барлығы		910,0	100		
*) – Бастапқы кен ірілігінің жоғарғы шегі минус бес мм тең деп қабылданады.					

Сыналатын материал кесектерінің орташа өлшенген мөлшері мына (1.22) формула бойынша анықталады:

$$d_{cp} = (4 \cdot 18 + 2,75 \cdot 10 + 2,25 \cdot 11 + 1,75 \cdot 16 + 1,25 \cdot 39 + 0,5 \cdot 6) / 100 = 2,04 \text{ мм.}$$

Гранулометриялық құрамның талдауы. Кеннің гранулометриялық құрамының қисығын координаталардың жартылай логарифмдік жүйесінде минус (β -) жиынтық шығу бойынша: $\lg d_i$ абсцисса осі бойынша $1 \text{ см} = 0,1$ логарифм масштабында, ординат – β осі бойынша.

d_{60} және d_{10} көрсеткіштерін анықтаймыз, содан кейін (1.23) формула бойынша бастапқы материалдың біртектілігін есептейміз. Диаграммадағы мәліметтерге сәйкес, келтіріліген мысал үшін $m = 1,73/0,6 = 2,9$, яғни таужынысы біртекті ($m < 3$).

Әрі қарай, (β^+), бойынша график саламыз, бірақ қарапайым координаттарда. Содан кейін «А» және «В» түріндегі графиктерді саламыз. Орындалған жұмысты бағалау.

Бақылау сұрақтары

1. Кендер мен жыныстардың гранулометриялық құрамы дегеніміз не.
2. Шикізаттың гранулометриялық құрамын анықтау тәртібі қандай.
3. Қандай мақсатта кесектердің орташа диаметрі және кен мен жыныстардың біркелкілік коэффициенті анықталады.
4. Гранулометриялық құрамның графикалық кескінінің қандай түрлерін қалайсыз?
5. Торлық (електік) талдауы дегеніміз не.

1.9 Гравитациялық байыту. Зертханалық жұмыс № 9

1.9.1 Жұмыс мақсаты: Пайдалы қазбаларды тұндыру және шаю әдісімен таныстыру.

1.9.2 Жалпы мағлұматтар. Байытудың гравитациялық әдістері минералдардың тығыздығының айырмашылығының және олардың су немесе ауа ортасында әртүрлі жылдамдықпен тұнбаға түсуді (шөгу) қолдануға негізделген. Минералды бөлу үшін ауыр сұйықтықтар мен суспензиялар да қолданылады.

Гравитациялық байыту әдістеріне мыналар жатады:

- тұндыру;
- үстелдерге шоғырландыру;
- науашаларда байыту;

- бұрандалы сепараторларда байыту;
- шаю;
- ауыр суспензияларда бөлу;

Гравитация процестері бос жынысты минералдардың пайдалы минералдардың тығыздығынан ерекшеленетін әртүрлі кендерді байыту үшін қолданылады.


Гравитация әдістерімен темір және марганец кендері, түсті, асыл және сирек кездесетін металл кендері, титан, цирконий және басқа да ауыр металл минералдары бар кендер мен шашырандылар байытылады.

Тұндыру дегеніміз – минералдардың түйіршіктерінің бөлінуі, судың тік ағынында әр түрлі тығыздықтағы минералдардың тұнып түсу жылдамдығындағы айырмашылықтарға негізделген пайдалы қазбаларды байыту әдісі. Тұндыру процесі тұндыру машиналарында жүргізіледі, 1.9-суретте схема түрінде көрсетілген.

Жылжымалы тор 1 жоғары - төмен ілгерлемелі қозғалыс жасайды. Тесіктердің мөлшері байытылатын материалдың түрімен анықталады. Тор су толтырылған 2 камерасына орналастырылады. Тор төмен қарай қозғалса, шикізат қопсытылып, минералды түйіршіктердің қабатталуы болады және олар тығыздығы мен өлшемдеріне сәйкес тығыз түсу жағдайында төмен қарай жылжиды. Ауыр түйіршіктер жеңіл минералдарға қарағанда тез тұнып түседі, соңғылары жоғары көтеріледі.

Торлардың жоғары қарай қозғалғанында минералдар тығыздалады. Тұндырудың көп реттік циклінің нәтижесінде шикізат әртүрлі тығыздықтағы қабаттарда орналасады: ауыр түйіршіктер төменгі қабатта, ал жеңіл минералдардың түйіршіктері жоғарғы қабатта шоғырланады. Торда пайда болған қабаттар машинадан бөлек шығарылады.

Шаю - бұл пайдалы қазбаларды сумен механикалық қопсыту арқылы сазбалшықты бөлшектерді одан бөліп алу, оларды қалқыған күйге ауыстыру мен сазды бөлігін шайып алып тастап және шайылған материалдың концентрациясынан тұратын байыту әдісі.



1.9-сурет – Жылжымалы торы бар тұндыру машинасының схемасы

Пайдалы қазбаларды шаю астау тәріздес, даңғыра, аралас және басқа да типті аппараттарда жүргізіледі. Темір және марганец кендері, түсті, сирек кездесетін және асыл металдардың шашырандылары шайылады.

Аппараттардың жұмыс принципі тұндыру машиналарының принципіне ұқсас, тек мұнда сазбалшықты компоненті ағызумен бірге кетеді, ал шайылған тау жынысы әртүрлі бұрандалы қалақшалардың көмегімен қарама-қарсы бағытта қозғалады. Су шығыны 4 м^3 дейін бір тонна кенге.

1.9.3 Жабдықтар, құралдар мен материалдар

Сынақтарды жүргізу үшін мыналар қолданылады:

- таразы ВЛТЭ-2200,
- 200°C дейін термометрмен кептіру пеші,
- электр плитасы, қалақтар, банкалар, кен сынамалары,
- т.б. жабдықтар мен материалдар.

1.9.4 Сынақтарға дайындау. Себеттің жартысын толтыру үшін жеткілікті мөлшерде шаю үшін ірілігі 5–7 мм және 10–30 мм шикізат (кендер, шлактар, флюстер) сынамасы алынады.

Өлшендісі бар себетті толығымен суға батыру үшін жеткілікті деңгейге дейін ыдысты сумен толтырады.

Сынақтарды жүргізу. Тұндыру. Шикізаттың сынамалары тығыздығы мен түсі бойынша ерекшеленуі тиіс.

1.7-кесте – Сынақ мәліметтері

Материал	Тұнба		Жуу	
	d, мм	d, мм	d, мм	d, мм
цилиндр пішінді торлы ыдыс			50-70	100-120
цилиндр пішінді ыдыс			75-80	170-180
кен сынамасы, массасы г.	200		200	
кен фракциясы, мм	5-7		10-30	

№ 2 жұмысқа сәйкес себу (үйінді) тығыздығын анықтаймыз. Кенді немесе қожды әктаспен клеенкада араластырып, орташаландырамыз және сынаманы ширектеп тең бөлікке бөлеміз. Қоспаны түссіз тор-себетке салады, биіктігін анықтаймыз және сулы ыдысқа батырамыз. 4–5 минут ішінде бұл себеттің іргеллемелі қозғалыстарды тұрақты жасаймыз. Ыдыстан торды алғаннан кейін (2–3 мин.) ылғалдың шығуына мүмкіндік береміз және қабаттардың биіктігін анықтаймыз. Сызбаларды жасаймыз және журналды 1.8-кестеге толтырамыз. Материалдарды тығыздығы бойынша бөліну процесін талдаймыз.

1.8-кесте – Шөктіру көрсеткіштерін енгізу журналы

Күні					
Материал	Себу (үйінді) тығыздығы г/см ³	Түсі	Қабаттардың биіктігі (мм) және түсі		
			Бастапқы жалпы	Төменгі	Жоғарғы

Шаю. 10–30 мм фракциялы боксит кенінің үлгісін таңдаймыз, себетке 2/3 биіктікте себіп саламыз. Үлгінің массасын анықтаймыз: $m_n = m_6 - m_t$. Суы бар ыдысқа себетті салып, себетті жоғары-төмен қозғалысын 5-7 минут ішінде жасаймыз. Суы түсінің өзгеруін бақылаймыз. Себетті аламыз және 2–3 мин судың ағуына ылғалдың шығуына мүмкіндік береміз. Содан кейін себетті кептіру шкафына салаламыз, 180 °C дейін қыздырып және 15 минут пеште қалдырамыз (ұстаймыз). Кептірілген және суытылған үлгіні өлшеп, ерітіндіге өткен сазбалшықтың мөлшерін айырмашылықпен анықтаймыз. Саздың массасын анықтау үшін келесі сабаққа дейін су құйылған ыдысты тұндыруға қалдырамыз, онда сифонның көмегімен судың негізгі бөлігін құйып аламыз – сифон түтігінің төменгі ұшы (d 6-9 мм) шөккен саздың бетінен 12–13 мм қашықтықта болуы керек. Содан кейін қалған сумен тұнбаны шайқап, суды буландыру үшін металл ыдысқа құйылады. Егер тұнбаның бір бөлігі ыдыста қалса – су қосыңыз, шайқаңыз және металл банкаға еселеп құямыз. Кептіру

шкафына (150 °С) немесе дұрысы электр плитасына саламыз. Кептірілген сазбалшықты суытып және оның массасын анықтаймыз. Шығындарды анықтаймыз. Журналда қажетті жазбалар жасаймыз.

Сазбалшық құрлым құраушысының массалық үлесі формула бойынша анықталады:

$$x = (m_0 - m_i / m_0) \cdot 100 \% \text{ немесе } (\Delta m / m) \cdot 100\% \quad (1.24)$$

Сазбалшықтың шайылуын келесі өрнек бойынша бағалаймыз:

$$\Delta = (\Delta m - m_r / m_r) \cdot 100 \% \quad (1.25)$$

мұндағы m_0 – кеннің бастапқы массасы;

m_i – жуғаннан кейін кеннің кептірілген массасы

$\Delta m = m_0 - m_i$

m_r – сазды шөгінді массасы

$$\Delta m = m_0 - m_i$$

1.9-кесте – Жуу журналы

Материалдың атауы, күні:					
Масса, грамм				x, %	Δ, %
m_0	m_i	Δm	m_r		

Жұмыстың соңында сынақтарға талдау жасаймыз.

1.9.5 Қауіпсіздік шаралары. Кептіру шкафымен және электр плитасымен жұмыс істеу кезінде электр жіптерінің бүтіндігіне көз жеткізіңіз, сынамалары бар ыдысты күйден қорғану үшін қолғаппен алу керек.

Бақылау сұрақтары

1. Кенді гравитациялық байытудың принциптері.
2. Тұнба және шаю дегеніміз не?
3. Тұндыру мен шаюды біріктіруге бола ма?

1.10 Магнитті байыту. Зертханалық жұмыс № 10

1.10.1 Жұмыс мақсаты: пайдалы қазбаларды магнитті байыту әдістерімен танысу.

1.10.2 Жалпы мәліметтер. Пайдалы қазбаларды магниттік байыту магниттік күштерді қолдана отырып, олардың көмегімен магниттік қасиеттері бар минералдар осы қасиеттердің әлсіз көрінісі бар минералдардан бөліп алуға негізделген [2, 6].

Магниттік күштердің көзі-магниттер мен ток өткізгіштерді айналасындағы кеңістіктегі магнит өрісі. Ол барлық жағдайларда электр тогын құрайтын қозғалмалы электр зарядтары болған жерде пайда болады.

Заттың магниттелуі мен магнит өрісі арасындағы байланыс магниттік сезімталдық деп аталатын шамамен анықталады:

$$\mathfrak{A} = J / H, \quad (1.26)$$

мұндағы J – магниттелу, а/м,
 H – кернеу, а/м.

Магниттік сезімталдық шамасы өлшемсіз және минералдардың магниттелу қабілетімен сипатталады.

Тәжірибелік мақсатта меншікті магниттік сезімталдық шамасын $\mathfrak{A}_y, \text{м}^3/\text{кг}$ қолданады:

$$\mathfrak{A}_y = \mathfrak{A} / \rho \quad (1.27)$$

мұндағы ρ – заттың тығыздығы, $\text{кг} / \text{м}^3$.

Минералдың меншікті магниттік сезімталдығы мәні бойынша үш топқа бөлінеді, 1.10-кестеде көрсетілген.

1.10.3 Жабдықтар, құрал - саймандар және материалдар. Сынақтарды жүргізу үшін келесілер қолданылады:

- зертханалық үстелдік электрондық таразылар;
- магнит, 3–5 мм фракциялы кен сынамасы;
- ширекке бөлуге арналған клеенка, қалақшалар, банкалар, сызғыш.

1.10.4 Сынақтарды жүргізу. Кен-төбе кен орнының магнетит кенінің сынамасын аламыз, салмағы 200 г, фракциясы 3–5 мм. Үлгінің массасын (m_0) анықтаймыз. Массаны клеенкаға төгеміз, оны клеенка бұрыштарының бірін кезекпен көтеру арқылы орташалаймыз, сонымен қатар сынама ортасына себіледі (үйіледі). Содан кейін үлгіні төрт бөлікке бөлеміз. Сынаққа екі қарама-қарсы орналасқандарын аламыз және m_1 сынамасының массасын анықтаймыз, екінші m_2 екінші тәжірибеге қалдырамыз.

1.10-кесте – Кейбір минералдардың меншікті магниттік сезімталдығы

Жоғары магнитті минералдар $\alpha_y = 6 \cdot 10^{-5}$ м ³ / кг	Төмен магнитті минералдар $\alpha_y = 9 \cdot 10^{-6}$ м ³ / кг	Магнитті емес минералдар $\alpha_y = 1 \cdot 10^{-7}$ м ³ / кг
магнетит маггемит франклинит пирротин	гетит сидерит браунит вольфрамит	молибденит шеелит касситерит рутил

Сыналатын сынаманы клеенкаға біркелкі салып, клеенкаға оралған сынама бойынша өткіземіз және клеенкаға оралған сынама бойынша магнитпен өткіземіз. Жабысқан минералдарды магнитпен бірге ыдысқа салып, клеенканы ұстап тұрып, магнитті алып тастаймыз. Нәтижесінде магниттік минералдар ыдысқа түседі. Тәжірибелер магнетит толық алынғанша қайталанады.

Магниттік және магниттік емес бөліктер өлшенеді және журналға 1.11- кестеге жазылады.

Байыту дәрежесін формула бойынша анықтаймыз:

$$\varepsilon = (m_m / m_m + m_n) \cdot 100\%, \quad (1.28)$$

мұндағы m_m – үлгінің магниттік бөлігінің массасы, г;

m_n – магниттік емес бөліктің массасы, г.

1.11-кесте – Магнитті байыту бойынша мәліметтерді жазу журналы

Материал					Күні		
Массасы, грамм						ε, %	
Тәжірибеге дейін			байытудан кейін				
			магниттік бөлік		магниттік емес бөлік		
m _Г	m ₆	m ₁	m ₆	m _М	m ₆		m _Н

Шығындарды тексеру: $m_1 = m_m + m_n$. Қателік пайыз бойынша формуламен анықталады:

$$\Delta = (m_1 - (m_m + m_n) / (m_m + m_n)) \cdot 100\%, \quad (1.29)$$

Әрі қарай, біз екінші сынамамен (m_2) сынақ жүргіземіз және нәтижелерді салыстырамыз. Талдау жасаймыз.

1.10.5 Қауіпсіздік шаралары. Кенмен жұмыс істеу кезінде тыныс алу жолдарына түсуін болдырмау, яғни асықпай, абайлап салу керек.

Бақылау сұрақтары

1. Магниттік күштер қалай пайда болады?
2. Сынаманы не үшін ширекке бөлу керек?
3. Кернеу дегеніміз не?

1.11 Кендерді тотықтырып күйдіру. Зертханалық жұмыс № 11

1.11.1 Жұмыс мақсаты: байытудың күйдіру әдістерімен таныстыру.

1.11.2 Жалпы мәліметтер. Кендерді күйдіру көптеген жағдайларда кендерді байыту, келтіру, химиялық және металлургиялық өңдеу алдында маңызды дайындық және көмекші операция болып табылады. Байыту фабрикаларында тотықсыздандырғыш (магнетизациялаушы), тотықтандырғыш, тотықсыздандыра-тотықтыру, хлорлаушы және күйеженіктеу қолданылады [2, 7].


Мыс, молибден және мырыш концентраттарын тотықтыра күйдіру гидрометаллургиялық қайта өңдеу алдында күйіктер алу үшін қолданылады.

Қара металлургияда тотықтырға күйдіру темір мен марганец кендерінің карбонаттарынан әктасты алу, гидратты ылғал мен көмірқышқыл диоксидін кетіру үшін кеңінен қолданылды.


Тотықтыра күйдіру жағдайларына байланысты алынатын металдың құрамын арттырумен қатар, кейбір қоспаларды жекелей немесе толық жоюға қол жеткізуге болады, атап айтқанда: күкірт, мырыш, қорғасын. Күйдіру өнімдерінің соңғы құрамы температураға, процестің уақытына және шикізаттың табиғатына тәуелді.

Әр түрлі материалдар үшін тотықтыра күйдіруде атмосферасында пайда болатын химиялық реакциялар:


а) әктасты күйдіру



б) сидериттерді күйдіру



в) күйдіру кезінде гидраттардың ыдырауы



Өнеркәсіпте жылжымалы отықты торлар, айналмалы үстелдер, көп түпті пештер, шахталық пештер, циклондар, қайнаған қабатты пештер кеңінен қолданылады.

Күйдіру процесінің негізгі көрсеткіші-шикізаттан ұшпа заттарды жоюдың толықтығы. Шығарылған заттар санының олардың күйген материалдағы максималды мөлшеріне қатынасы.

1.11.3 Жабдықтар, құрал - саймандар және материалдар. Сынақтарды жүргізу үшін келесілер қолданылады:

- ВЛТЭ-2200 зертханалық таразы,
- жұмыс кеңістігіндегі температураны реттейтін (200–1100 °С) муфельді пеш,
- металл бюксалар немесе фарфор тиглдер,
- банкалар, қалақшалар, қысқыштар, қолғаптар.
- кеннің кептірілген сынамалары (эксикаторда).

1.11.4 Сынақтар жүргізу [8]. 20–30 г бокситтің немесе қоңыр темір тастың (эксикатордан алынған құрғақ) екі өлшендіні дайындап және оларды тигельге салу керек.

Өлшенді сынамаларды муфельге салып, 400 °С температураны реттегішпен орнатып және пешті қосу қажет. Белгіленген температураға жеткенде, 10 минут осы температурада ұстау керек, содан кейін бір тигельді алып тастап, салқындатуға қойыңыз. Екінші тигельге 600 °С температура режимін орнатыңыз. Сондай-ақ, осы температурада 10 минут тұрғызып, содан кейін алып және салқындатыңыз.

Салқындағаннан кейін біз күйдірілген кендердің массасын анықтаймыз және журналға 1.12-кестеде жазылады.

Күйдіру дәрежесі келесі формула бойынша анықталады:

$$\eta = (m_0 + m_i) / \Delta m_T \cdot 100\%, \quad (1.30)$$

мұндағы m_0 – күйдіруге дейінгі құрғақ үлгінің массасы, г;

m_i – T_i температурада күйдіргеннен кейінгі үлгінің массасы, г;

Δm_T – 100% күйдіру кезінде теориялық массаның жоғалуы.

1.12-кесте – Күйдірудің көрсеткіштерін енгізу журналы

Материал, күні					
Тәжірибе №	T, °C	m ₀ , г	m _i , г	Δ m _T , г	η, %

Δm_T анықтау үшін кеннің химиялық анализін оның құрамындағы гидратты ылғал, көмірқышқыл газының – ұшпа заттарының мөлшерін білу қажет.

Мысалы: Қостанай облысы Лисаков кен орнының құрғақ қоңыр теміртас кенінің химиялық құрамы, % 1.13-кестеде көрсетілген.

1.13-кесте – Қостанай облысы Лисаков кен орнының құрғақ қоңыр теміртас кенінің химиялық құрамы, %

Fe ₂ O ₃	SiO ₂	Al ₂ O ₃	P ₂ O ₅	H ₂ O хим	Примеси	Σ
25,0	4,0	5,5	1,3	13,0	1,2	100

Мұнда H₂O_{хим} – гидратты ылғал, гетит және гидрогетит минералдарына енеді, бұл жағдайда кенді байыту үшін ылғал жойылады, яғни % H₂O_{хим} = Δm_T при m₀ = 100 г.

Демек, осыдан сыналатын сынама массасының теориялық азаюы:

$$\Delta m_T = m_0 \cdot H_2O_{\text{хим}} / 100, \text{ г} \quad (1.31)$$

Химиялық зертханалардың кейбір анализдерінде T = 1000° C дейін қыздырылған пеште кенді күйдіру кезінде анықталған ККШ - шығындар келтіріледі, алыс шама Δm_T ретінде пайдаланылады, оған тек H₂O_{хим} ғана емес, сонымен қатар басқа да ұшпа заттар кіреді.

1.11.5 Қауіпсіздік шаралары. Сынақ жүргізер алдында электр жабдықтарының жарамдылығына көз жеткізу керек. Күюдің алдын алуы үшін муфельден тигельдерді орнату және алу үшін қолғаптарды, киіз қолғаптар және қысқыштарды пайдалану қажет.

Бақылау сұрақтары

1. Шикізатты тотықтырып күйдірудің мақсаты не?
2. Сидеритті күйдірудің химиялық реакциялары?
3. Не үшін гидратты ылғалды жою қажет?

2 Кен шикізаты мен техногенді қалдықтардың ұсақ фракцияларын кесектеу бойынша зертханалық жұмыстар

2.1 Кен материалдарының елемінен шекемтастар жасау. Зертханалық жұмыс № 1

2.1.1 Жұмыстың мақсаты. Шекемтастарды өндіру технологиясын меңгеру. Түйіршіктегіштің (гранулятордың) тиімді жұмыс режимін (көлбеу бұрышын, айналу жылдамдығын) анықтауды үйренеді.

2.1.2 Жалпы мәліметтер [9]. Темір кендерінің байыту концентраттары және металлургиялық қалдықтардың елемендері түйіршіктердің (бөлшектердің) өте аз мөлшерімен (50-70 микрон және одан төмен) ерекшеленеді. Соңғы кездері байытуға кедей кендер кеңінен пайдаланылуда, сондықтан металлургиялық шикіқұрамдағы темір кені концентраттарының үлесі жыл сайын артып келеді. Шекемтастардың агломератпен салыстырғанда бастапқы беріктігі жоғары, сондықтан алыс қашықтыққа тасымалдауға жарамды бұл ұсақ түйіршікті темір кен материалдарынан шекемтас өндірудің өндірістік тәжірибесінің дұрыс екенін көрсетті.

Тотыққан шекемтастарды қазіргі заманғы кесектеу фабрикаларындағы өндірісі екі кезеңнен тұрады: түйіршіктерді қалыптастыру («шикі» шекемтастарды өндірісі) және оларды жоғары температуралы беріктендіру (күйдіру).

Шикі шекемтастар белгілі бір дәрежеде ылғалданған жұқа дисперсті темір кен материалын дөңгелектеу кезінде пайда болады. Өте үлкен бетті, беттік энергиясы бар кез-келген ұсақталған материал бөлшектерін үлкейту термодинамикалық қажеттілігімен ерекшеленеді.

Ылғалданған темір кенінің ұнтағы сумен қарқынды әрекеттесуімен сипатталатын гидрофильді дисперсті жүйелерге жатады. Мұндай жүйеде энергияны азайтуға деген ұмтылыс фазалық шекарадағы беттік керілудің мөлшерін азайту арқылы (бөлшек сумен әрекеттескенде) және бөлшектердің іріленуі арқылы (олардың ілінісуі нәтижесінде) жүзеге асырылады. Сонымен , «дисперсті темір кен материалы – су» жүйесі кесектелуге ұмтылады.

Бөлшектердің ілінісу күштерін формула бойынша бағалауға болады [9]:

$$F = k \cdot S \cdot \rho \frac{1 - \varepsilon}{\varepsilon} \quad (2.1)$$

мұндағы F – ілінісу күштері;

S – дисперсті материалдың меншікті беті;
 ρ – материалдың тығыздығы;
 ε – қабаттың кеуектілігі;
 k – бөлшектердің пішінін, олардың үлгіге салыну сипатын, материалдың гидрофильділігін ескеретін коэффициент

Бөлшектердің ілінісу мен шикі шекемтастардың беріктігін анықтайтын [10] деректері бойынша маңызды фактор темір кені концентратының бастапқы меншікті бетінің шамасы болып табылады. Соңғысы концентраттың гранулометриялық құрамымен байланысты. Ұсақ фракциялардың үлесі неғұрлым көп болса, концентраттың меншікті бетінің мәні соғұрлым жоғары болады.

Қазіргі уақытта 74 микроннан аз фракцияның үлесі 25% – дан, 44 микроннан аз фракциялар 75-90% – дан, ал 28 микроннан аз фракциялар 60-80% – дан артық болуы керек деп қабылданды.

Кесектеуге үлкен әсер ететін тағы бір фактор-шикіқұрамның ылғалдылығы, ал шикі шекестастардың беріктігінің шикіқұрамдағы судың мөлшеріне тәуелділігі өте жоғары. Шикіқұрамның оңтайлы ылғалдылығы темір кені концентратының қасиеттеріне байланысты. Әр түрлі материалдар кесектелудің әр түрлі қабілетімен ерекшеленеді, кесектелу көрсеткішімен K бағалаймыз

$$k = \frac{W_{mmB}}{(W_{mkB} - W_{mmB})}, \quad (2.2)$$

мұндағы W_{mmB} – қысым өзгерген кезде шикіқұрам ылғалдылығы өзгермейтін және берік байланысқан су қабатының максималды қалыңдығымен бірдей жағдайға сәйкес келетін материалдың максималды молекулалық ылғал сыйымдылығы;

W_{mkB} – материалдың капиллярлық қанықтылығына сәйкес келетін максималды капиллярлық ылғал сыйымдылығы.

K - көрсеткішінің сандық мәндері 0-ден 1-ге дейін өзгереді. Жентектелу концентраттың кесектелуге бейімділігін ғана анықтайды және кесектеудің қабылданған технологиялық режимінің әсерін көрсетпейді.

Материалды кесектеген кезде бөлшектер пластикалық жүктемелерге ұшырайды. Оларды су қоспасының кеуек суспензиялары және материалдың ең ұсақ фракциялары ретінде қабылдайды, олар ерекше коагуляция құрылымдарын құрайды және бөлшектерге жабысқақ әсер береді.

Кеуекті суспензиясының қасиеттерін жақсарту барлық жағдайларда қолданылатын байланыстырғыш қоспалар болып табылады. Бентонит өндірісте байластырғыш зат ретінде ең көп таралған, ол 0,5–1,0 % мөлшерінде кесектеудің алдында шикіқұрамға қосылады. Бентонит негізінен монтмориллониттен $(Al \cdot Mg)_{2-3}(OH)_2(Si_4O_{10}) \cdot nH_2O$ және оған жақын минералдардан тұрады. Ылғалданған кезде бентонит суды қарқынды сіңіреді және өте дамыған беті бар гельдер түзеді, бұл шикіқұрамның кесектелу процесін едәуір күшейтеді.

Өнеркәсіпте шекемтастар барабанды немесе табақшалы түріндегі кесектегіштерде дайындалады. Шекемтастардың пайда болуы ұсақ бөлшектердің кесектегіштің бетіне жайылған түйіршіктердің дымқыл бетіне домалау нәтижесінде пайда болады.

Барабан ұзындығы мен диаметрі $Z : D = 2-3$ арасындағы қатынасы бар цилиндрлік түтік болып табылады.

Барабан екі құрсауымен екі жұп роликке тіреледі, олардың біреуі жетек. Барабанның ішінде саңылаулары бар су құбыры бар, ол арқылы ағын су қысыммен ағып кетеді, бұл шикіқұрамның кесектелуге қажетті ылғалдануын қамтамасыз етеді. Барабан бойында орналасқан бекітілген «пышақ» қабырғаға жабысқан концентрат қабатының тұрақты қалыңдығын қамтамасыз етеді, бұл кесектелу жағдайларын жақсартады. Барабанның көкжиекке қарай көлбеу бұрышы $2-6^\circ$ құрайды. Кесектеу бұрышы мен түйіршіктегіштің айналу жылдамдығын реттей отырып, кесектеу режимін оңтайландыруға қол жеткізіледі.

Тәрелкелі немесе табақшалы грануляторлар – бұл көкжиекке көлбеу оське бекітілген ернеуі бар шойын немесе болат диск. Кесектеу режимі табақшаның көлбеулігін, оның айналу жылдамдығын және қажет болған жағдайда ернеудің биіктігін өзгерту арқылы орнатылады.

2.1.3 Жабдықтар, құрал-саймандар және материалдар. Сынақтарды жүргізу үшін келесілер қолданылады:


- Табақ тәрізді гранулятор (кесектегіш) 2.1-суретте көрсетілген, электрондық таразы;

- Қалақша, қаңылтыр таба, техникалық ыдыс (1–5 литр), қолқап, респиратор, қорғаныш көзілдіріктер;

- Бөтелке ыдысындағы байланыстырғыш сұйықтық 1 л.



2.1-сурет – Табақшалы кесектегіш



2.2-сурет – Табақшалы кесектегіштің көлбеу бұрышы

2.1.4 Жұмысты жүргізу тәртібі (металлургия кафедрасының зертханасы кабинет 130/2). Оқытушының нұсқауы бойынша студенттер диаметрі 600 мм грануляторда әртүрлі шикіқұрамнан (әртүрлі іріліктегі концентраттар, шикіқұрамның құрамындағы бентониттің әртүрлі мөлшері және т.б.) шекемтастар алынады. Түйіршіктегіштің жұмыс режимін (көлбеулік бұрышы, айналу жылдамдығы) оқытушы белгілейді. Алынған шекемтастар минус 6 мм, плюс 6 – 30 мм, плюс 30 мм фракцияларға електен өткізіледі. Режимнің тиімділігі кондициялық фракцияның шығуымен 6–30 мм анықталады.

Жұмыс нәтижелері 2.1-кесте түрінде ресімделеді.

2.1.5 Қауіпсіздік шаралары. Табақша тәрізді кесектегіштің жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек, оған сәйкес қандай да бір техникалық қызмет көрсетуге тыйым салынады, мысалы, кесектегіштің бөліктерін майлау, айналмалы ыдыстың бетінен материалдардың сынамаларын алу, сондай-ақ машинаның жүрісі кезінде табақтың көлбеу бұрышын өзгерту. Барлық жұмыс түрлері гранулятор толық тоқтағаннан кейін ғана жүргізілуі керек.

2.1-кесте – Эксперименттердің нәтижелері

Шикіқұрам құрамы, %			Білгалдылық, %	Кесектегіштің көлбеу бұрышы, град	Табақшаның айналу жылдамдығы, айн / мин	Кесектегіштің жұмыс уақыты, мин	Шекемтастар фракциясының шығымы, мм		
Концентрат	Флюстер	Байластырғыш					-6	6-30	+30

Бақылау сұрақтары

1. Шекемтастарды дайындау кезінде шикіқұрамның кесектелуіне қандай факторлар әсер етеді?
2. Шикі шекемтастар өндірісінде қандай аппараттар қолданылады?
3. Циркуляциялық жүктеме дегеніміз не?
4. Шикі шекемтастар қандай талаптарға сай болуы керек?
5. Шикі шекемтастардың соңғы өлшемдерін не реттейді?

2.2 Шикі шекемтастардың беріктігін анықтау. Зертханалық жұмыс № 2

2.2.1 Жұмыстың мақсаты. Шекемтастардың беріктік сипаттамаларын анықтауды үйрену. Шекемтастарды кептірудің тиімді режимін анықтауды үйренеді.

2.2.2 Жалпы мәліметтер [10, 11]. Шикі шекемтастарды күйдіру агрегаттарына тасымалдау кезінде бұзылып кетпеуі үшін жеткілікті механикалық беріктікке ие болуы тиіс. Әдетте тасымалдау кезінде шикі түйіршіктермен сыналатын статикалық және динамикалық жүктемелер сығымдау және биіктіктен түсіргіш сынақтарымен модельденеді.

2.2.3 Жабдықтар, құралдар мен материалдар

- Муфельді пеш;
- Баспак (пресс) (10 т);
- Шикі шекемтастарды түсіргішке арналған қондырғы;
- Қаңылтыр табақ, шикі және құрғақ шекемтастар;
- Банкалар, қалақтар, қысқыштар, қолғаптар.

2.2.4 Сынақтарды жүргізу тәртібі. Сығымдауға сынау шекемтас деформацияланатын немесе бұзылатын күшті анықтау мақсатында шекемтасты қысу жолымен жүргізіледі. Диаметрі 9,5 мм болатын шекемтастар үшін сығымдаудың минималды кедергісі 0,9 кг/шекемтас болуы керек. Түсіргішке сынау кезінде шекемтастар 300 мм биіктіктен құлаған кезде кемінде 15 лақтыруға төзімді болуы тиіс.

Сынақтан 10 шекемтас өтеді, беріктігі орташа арифметикалық шамамен сипатталады. Дәл осылай кептірілген шекемтастардың беріктігін анықтай аламыз. Сынақтың өзіне тән ерекшелігі нәтиженің шикі шекемтастардың диаметріне тәуелділігі болып табылады. Сондықтан, шекемтастардың беріктігін бағалау кезінде оның өлшемін ескеру дұрыс.

Шикі шекемтастардың сығыуға беріктігін 2.3 және 2.4-суретте көрсетілген қондырғыда анықталады.

2.2.5 Жұмысты жүргізу тәртібі 1. Шикі шекемтастардың беріктігін анықтау үшін 10 дана мөлшерінде шекемтастар таңдалады, содан кейін барлық 10 дана кезекті түрде бір рет биіктіктен тасталады. Шекемтастар болат плитаға 300 мм биіктіктен лақтырылады. Шекемтастың бұзылмай төтеп бере алатын құлау санын бақылау қажет. Бұл параметрді дәлірек анықтау үшін 20 шекемтас қолданылды. Сынақ көрсеткіштерін бәрін қосып, орташа мәнін анықтауы керек.

Сынақ кезінде шикі шекемтастар кемінде 15 рет тастауға (лақтыруға) төзуі тиіс [10-14]. Эксперименттер жүргізілгеннен кейін нәтижелері журналға 2.2-кестеге жазылды.


2.2-кесте – Эксперименттер нәтижелері

шекемтас партиясының №	Тастау (лақтыру) саны, дана



2.3-сурет – Әмбебап WDW-200 сынақ машинасы

2.2.5 Жұмысты жүргізу тәртібі 2. Оқытушы анықтаған шикіқұрамнан табақшалы гранулятордың берілген жұмыс режимінде шекемтастар партиясы дайындалады. Себу кезінде шекемтастардың фракциялары бөлінеді: 4–8 мм, 8–12 мм, 12–16 мм, 16–20 мм, 20–24 мм, 24 мм. Әрбір фракциядан 10 шекемтас іріктеледі және олардың 2.4-суретте көрсетілгендей сығымдаудағы жаншылу беріктігі 10 т қысым күшімен анықталады. Өлшеу нәтижелері «шекемтастың орташа өлшемі – жаншуға беріктігі» график түрінде ресімделеді.



2.4-сурет – Шекемтастың беріктігін анықтауға арналған орнатудың мысалы

Шикі шекемтастарды тастауға және жаншуға беріктігін анықтағаннан кейін кептірілген шекемтастардың беріктігі анықталады. Шекемтастардың белгілі бір партиясы таңдалады (0,5–1 кг), табақшаға салынып, муфель пешіне 2.5-суретте көрсетілгендей орналастырылады. Шекемтастардың әр партиясы белгіленген температураға бөлінеді, кептіру 100 °С-тан басталады. Кептіру 100, 200, 300, 400, 500 °С бір сағат ішінде жүргізіледі.




2.5-сурет – SNOL 6.7/1300 1 муфельді пеш

2.3-кесте – SNOL-6.7/1300 муфельді пешінің техникалық сипаттамалары

Номиналды қуаты, кВт:	2,4
Қоректендіру желісінің кернеуі, В:	220
Айнымалы ток жиілігі, Гц:	50
Фазалар саны:	1
Электр пешін салындысыз номиналды температураға дейін қыздыру уақыты, мин:	75
Температураны автоматты реттеу диапазоны, °С:	50–1300
Берілген жылу режиміндегі температураның тұрақтылығы,	+/- 2
Жұмыс камерасының өлшемдері, мм, ені×тереңдігі×биіктігі:	160×295×133
Габариттік өлшемдері, мм, ені×тереңдігі×биіктігі:	440×550×540
Массасы, кг:	35

Шекемтастарды күйдіру, кептіруге ұқсас, тек қана өзгешелігі 600, 700, 800, 900, 1000, 1100 °С температура өзгерген кезде сондай-ақ, бір сағат ішінде жасалады. Кептіруден және күйдіруден кейін салқындатылған (табиғи түрде) шекемтастар гидравликалық сығымдаудың көмегімен беріктікке сыналады. Зерттеу нәтижелері бойынша 2.6-суретте көрсетілгендей график құрылады.



2.6-сурет – Шекемтас беріктігінің кептіру және күйдіру температурасына тәуелділігі

Бақылау сұрақтары

1. Шикі шекемтастардың беріктігі қалай анықталады?
2. Тестілеу үшін қанша түйіршіктер таңдалады?
3. Өңделмеген түйіршіктердің беріктігі қандай мақсатпен анықталады?
4. Түйіршіктер қандай мақсатта кептіріледі?
5. Өңделмеген түйіршіктер қандай температурада кептіріледі?
6. Түйіршіктер қандай температурада күйдіріледі?
7. Кептіру мен түйіршіктерді күйдірудің айырмашылығы неде?

2.3 Агломерациялық қондырғы конструкциясын меңгеру. Зертханалық жұмыс № 3


2.3.1 Жұмыс мақсаты: Агломерат алудың қарапайым технологиялық схемасымен практикалық танысу; агломерациялық зертханалық тостағанның құрылымын зерттеу.

2.3.2 Жұмысты жүргізу тәртібі. Жұмысты орындауға оқытушыдан нұсқаулықтар мен агломерат алудың қарапайым технологиялық схемасы туралы мағлұматтармен таныстырылғаннан және агломерациялық зертханалық тостағанның құрылымын меңгеру бойынша нақты нұсқаулар алғаннан кейін ғана кірісуге болады.

2.3.3 Қондырғы сипаттамасы. Зертханалық агломерациялық тостаған Торайғыров универистетінің «Металлургия» кафедрасының зертханасында (Б-130) орнатылған. Қондырғы төменгі 2.7 және 2.8-суретте көрсетілгендей негізгі бөліктерден тұрады:

- Агломерациялық тостаған;
- Шаң тұтқыш (ұстағыш) (циклон);
- Сорғыш желдеткіш (экспаустер);
- Термопара (ХА, ПР);
- Шиберлік ысырма;
- Сұйық манометр;
- Температураны тіркеуші (екі арналы);
- Газ құбыры.

Зертхананың иелігінде ішкі диаметрі 100 мм цилиндр пішінді бір агломерациялық тостаған бар. Тостаған қабырғаларының биіктігі биіктігі 500 мм дейін қабатты шикіқұрамды күйежентектеуге мүмкіндік береді. Болаттан жасалған тесік диаметрі 5 мм отық торы.



1 – агломерациялық тостаған; 2 – шаң жинағыш (циклон); 3 – сорғыш желдеткіш (экспаутер); 4 – термopapa XA; 5 – Шибepлi жапқыш; 6 – сұйықтықты манометр; 7 – потенциометр; 8 – газ құбыры.

2.7-сурет – Агломерациялық зертханалық тостағанның схемасы


Агломерациялық тостағанның биіктігі бойынша және оның түбінде шикіқұрамның жентектелген қабатының әртүрлі горизонттарында сиретілуі және температураны өлшеу, сондай-ақ газ сынамаларын алу үшін пайдаланылатын штуцерлер бар.

Вакуум - камераға жану өнімдерін сору тостағанның оттық торының астынан өту арқылы жүргізіледі. Агломератты түсіру кезінде агломерациялық тостағанның аудару қолмен жүргізіледі. Тостаған мен вакуум-камераның арасына суға малынған асбест төсемі салынады.

Шаңнан шығатын газды алдын ала тазалау циклон түріндегі шаң жинағышта жүзеге асырылады, оның негізгі параметрлері цилиндрлік бөліктің диаметрі мен биіктігі сәйкесінше 105 және 600 мм құрайды. Қажет болған жағдайда, майда шаңды ұстап алу үшін циклон шаң жинағышынан кейін «ЧШ» жүннен жасалған бірнеше сүзгіш қапшықтары бар шаң жинағышты орнатуға болады. Қаптардың жалпы ауданы $\sim 4 \text{ м}^2$ болуы мүмкін.

Қондырғы жоғары қысымды вакуумдық сорғымен (ВВН-1-1,5) жабдықталуы мүмкін. Вакуумдық сорғы газқұбыры желісінде 2.9-суретте көрсетілгендей орнатылған. ВВН-1-1,5 вакуумдық сорғыны орнатқан кезде аглотостағанның оттықтың тор асытнда 2000 мм су бағанасына дейін сиретілуді жасауға қабілетті.

Іс жүзінде тәжірибеде (АФЗ) [15] диаметрі 205 және 410 мм болатын тостағандағы бірдей шикіқұрамды күйежені тектеу кезінде желдеткіштер шығаратын максималды вакуум сәйкесінше 400 және 1600 мм су бағанасын құрайды.



1 – агломерациялық тостаған; 2 – Вакуум-камера; 3 – шаң жинағыш (циклон); 4 – Термопара ХА; 5 – Бункер-жинағыш; 6 – газ құбыры; 7 – сұйықтықты манометр; 8 – Шиберлі жапқыш; 9 – Штуцер.

2.8-сурет – Агломерациялық зертханалық тостаған



1 – ВВН-1-1,5 сорғы; 2 – газдарды сору; 3 – су желісі; 4 – өлшеу аппаратурасы.

2.9-сурет – ВВН-1-1,5 вакуумдық су сақиналы сорғы

Газ құбыры сыртқы диаметрі 25 мм болатын тұтас созылған болат құбырдан жасалған. Қондырғының бақылау-өлшеу аппаратурасы келесілерден тұрады:

- Шығатын газдың температурасын өлшеуге арналған хромель-алюмелді термопаралары, термопаралар дәнекері газ құбырының ортасына орналастырылған;
- Шикіқұрам қабатының ішіндегі температураны өлшеуге арналған вольфрам-рений термопарасы;
- Бақылау-өлшеу аспабы (екі арналы температураны тіркеуші);
- Жану өнімдерінің мөлшерін анықтауға арналған шаң тұтқыштар мен желдеткіштер және су манометрі.

Бақылау сұрақтары

1. Кен шикізатын кесектеудің қандай әдістері бар?
2. Агломерациялық кесектеу қандай әдісіне жатады?
3. Зертханалық тостаған қандай өндірістік процесті модельдейді?
4. Циклонның мақсаты?
5. Шиберлі қақпақтың мақсаты?

6. Агломерация кезінде қандай термопаралар қолданылады?
7. «Төсем» қандай мақсаттарда қолданылады?
8. Оттық торлары қандай материалдан жасалған?
9. Аглотостаған корпусындағы штуцер не үшін қажет?
10. Эксгаутердің жұмыс принципі?

2.4 Ұсақ кен материалдары мен металлургиялық қалдықтарды агломерациялау. Зертханалық жұмыс № 4

2.4.1 Жұмыс мақсаты: агломерациялық процесті меңгеру және орындау.

2.4.2 Жабдықтар, аспабтар мен материалдар.

- Агломерациялық қондырғы;
- Тарелка тәрізді гранулятор;
- Электрондық таразы;
- Газ жанарғысы ;
- - Шелектер, қаңылтыр табалар, күрекшелер, қолғап-қалың қолғаптар, респиратор, қорғаныс көзілдірігі және маска;
- Кенді ұсақтары немесе металлургиялық қалдықтар, кокс, қайтарым, флюстер және т. б.

2.4.3 Жұмысты жүргізу тәртібі. Шикіқұрамның құрамы оңтайлы ылғалдылықты анықтау кезінде агломераттың қандай да бір дәрежедегі флюстеу есебінен алынады:

- флюстелінбеген: 15–25 % қайтарым; 5–10 % кокс (құрғақ шикіқұрам салмағынан); 10–15 % сулар; қалған бөлігі 10–0 мм фракцияда кен ұнтағы.

- флюстелінген: 5–20 % әктас (доломит); 20–35 % қайтарым ; 5–10 кокс (құрғақ шикіқұрам салмағынан); 10–15 % су; қалған бөлігі 10–0 мм фракциялы кен ұнтағы.

2.4.3.1 Араластыру және кесектеу. Шикіқұрамды араластыру және кесектеу барабанда (немесе тарелкелі түйіршіктегіш) жүргізіледі. Өлшенген шихта: кен, кокс, қайтарма, флюстер тарелкелі грануляторға тиеледі. Құрғақ шихтаны араластыру уақыты 2 мин. Кесектеу уақыты 3 мин. шихтаны араластыру кезінде 2 мин. шихтаны есептеуге байланысты грануляторға алдын ала дайындалған техникалық су (10–15 %) беріледі. Сондай-ақ, ылғалдандыру дәрежесін көзбен анықтауға болады, ең бастысы, шихта балшық тәрізді пішінді қалыптастырмауы қажет. Ылғалданғаннан және кесектегеннен кейін шихта арнайы қаңылтырға түсіріледі. Осыдан кейін ол ылғалданған шихтаның салмағын өлшеніп, кестеге жазады.

Шихтаны жүктеу алдында вакуум-камералар мен тостағанның арасына ылғалданған асбест үгіндісі немесе асбест сымы салынады. Осыдан кейін тостаған вакуум камерасына орнатылады.

Шихтаны аглотостағанға жүктемес бұрын, соңғысында барлық тәжірибелер үшін тұрақты қабырға температурасы және оттық торлары болуы керек, бұл жентекті түсіргеннен кейін оларды сумен салқындату арқылы қол жеткізіледі. Бұл барлық тәжірибелерді тұрақты жағдайда өткізуді қамтамасыз етеді. Шихтаны тостағанға салу алдында отық торына қалыңдығы 15–20 см біркелкі қабатпен келесідей санмен төсем салынады: Ø 100 мм–0,5 кг тостаған үшін.

Төсем химиялық талдау үшін сынаманы бөлшектегеннен кейін қалған агломератты ұсақтау арқылы дайындалады.

Ол үшін жарамды агломерат бөлінгеннен кейін алынған ірілігі 0–10 мм қайтарым (2 м биіктіктен болат плитаға тасталғаннан кейін < 10 мм) діріл елегінде немесе қолмен (електен) жоғарыда көрсетілген 3 классқа бөлінеді. Бұл кластардың жетіспейтін саны барабанда сыналғаннан кейін ұсақ агломераттың тиісті кластарымен толтырылады.

Қождалған агломератты алу тәжірибесін жүргізу кезінде қождалмаған агломератты жентектеу кезінде алынған қайтарымды пайдалануға болмайды. Ол үшін тиісті шихтаны қайтару үшін арнайы күйежентектеу жүргізу қажет.

2.4.3.2 Шикіқұрамды жүктеу. Жентектелетін материалды тостағанға жүктеу қолмен қалақшамен салу арқылы жүргізіледі, онымен шихта тостағанның қимасы бойынша біркелкі тарап төгіледі. Шихтаны аглотостағанның ортасына салуға болмайды, өйткені бұл ретте шихтаның ірі бөліктері тостағанның қабырғаларына домалап жиналады, бұл жерде жақсы газ өткізгіштігі бар аймақ қалыптасып, шет жақтарында жентектелудің қарқынды жүруіне әкеледі.

Шихтаны жүктеу аяқталғаннан кейін аглотостағандағы шихта қабатының берілген биіктігіне сәйкес келетін арнайы шаблонмен мұқият тегістеледі. Артық шихта қалақшамен алынады (кесіледі). Тостағанға салынған шихтаның мөлшері шихтаның ыдыспен бастапқы және соңғы мәндерінің айырмасы бойынша анықталады.

Жүктеуді бір орындаушы (студент, магистрант) жүргізуі тиіс. Тостағанға күйежентектеу процесінің көрсеткіштеріне сәйкес жүктеу әдістеріне уақтылы өзгерістер жасап оытруы қажет (егер ортасында жентектелмесе, мысалы, олар қабырғаға шихтаны тығыздауды жасауға тырысады, бұл жүктеу кезінде аглотостағанның орталығымен салыстырғанда қабырғадағы шихтаның жоғары деңгейін ұстап тұру

арқылы қол жеткізіледі). Тостағанға жүктелген аглошихтаның биіктігі сызғыштың көмегімен өлшенеді және журналға жазылады.

Тұтату қоспасы шихтаның тегістелген бетіне салынады, ол 0–5 мм кокс пен ағаш үгінділерінен дайындалады, олар тұтану қоспасының қабатының газ өткізгіштігін жақсарту үшін сәл ылғалданған. Кокс пен ағаш үгінділер қоспасы қалақшамен тегістеледі, содан кейін оған ағаш жоңқалары қабаты салынады.

Тұтануға арналған кокс пен үгінділердің саны шихтаның жоғарғы қабатын жағу тәжірибесімен анықталады. Қождалмаған агломераттар үшін тұтандырғыш қоспадағы кокс мөлшері шихта салмағының шамамен 1% - ын құрайды; қождалған агломераттарды өндіру кезінде біршама көп болуы мүмкін (шихтаның қождау дәрежесіне байланысты).

2.4.3.3 Аглоқондырғыны іске қосу және жентектеу процесін жүргізу.

Шихтаны тостағанға жүктеуден кейін және барлық дайындық жұмыстарын жүргізіп болған соң газ жанарғысының көмегімен ағаш үгіндісінің қоспасын жағу жүргізіледі және эксгаустерлер (ВВН-1-1,5 вакуумдық сорғы) іске қосылады, ал сирету шибер бекітпесімен реттеледі және 200–300 мм су бағынасымен орнатылады. 2–3 минуттан кейін, оттықтың тор астына үнемі сирету орнатылса, 1000 мм су бағанасына дейін шибер жапқышы біртіндеп жабылады (ауаны тұтанғанға дейін сору, әсіресе қабаттың жоғарғы бөлігіндегі шихтаның ылғалдылығын төмендететінін есте ұстаған жөн).

Тұтандырғыш қоспа астындағы шихта бетіндегі термопараның (ВР) ыстық дәнекерімен көрсетілген температураның максималды мәніне жеткен сәті жентектеудің бастапқы кезеңі болып қабылданады, Бұл ең дәл, бірақ күрделі әдіс және оны ең маңызды тәжірибелер кезінде ғана қолдану ұсынылады.

Күнделікті жұмыста жентектеу процесінің басталуы келесідей анықталады: тұтанғаннан кейін қысқа уақыт өткеннен кейін (15–20 сек) шихтаның бүкіл беті біркелкі жанады, оттық торының астындағы сирету күрт артады, жарылу жағдайына тән сипаты естіледі. Тұтану кезінде оттық торының астындағы максималды сиретудің сәтін жентектелудің басталуы ретінде қабылдауға болады немесе бұл жентектің үстіңгі бөлігінде сұйық фазаның пайда болуына сәйкес келеді.

Күйежентектелу процесінің аяқталуы бөлінетін газдардың ең жоғары температурасымен және вакуумның күрт төмендеуі арқылы анықталады. Бұл жану аймағы оттық торына дейін жеткендігін білдіреді және қызып тұрған жану өнімдері өз жолында суық шихтаға

жанаспай, жылуды беруі мүмкіндігі, ең жоғары температурасымен сіңіріледі. Шығатын газдың температурасы аглотостағанның қуыс штуцеріне салынған хром-алюмельді термопарамен өлшенеді.

Бөлінетін газдардың температурасының жоғарылауымен қатар, оттық торының астындағы вакуумның айтарлықтай төмендеуі байқалады, өйткені бұл жағдайда ауа газды жақсы өткізетін агломерат арқылы сұйық фазаның кедергісіне тап болмай сорылады. Осыдан, оттық торының астындағы вакуумның бір рет түскенінен күйеженің тектеудің аяқталғанын жеткілікті дәлдікпен анықтау мүмкін емес.

Агломерациялық тостағанның осі бойымен шихтаны төсемнен бөлетін горизонттағы максималды температураға жету сәті күйеженің тектеудің аяқталуының көрсететін сенімді көрсеткіші болып табылады. Бұл жағдайда температура вакуум камерасының түбіне штуцер арқылы салынған ХА-термопарамен өлшенеді. Термопараны тостағанның қабырғасы арқылы орнату қабаттағы температураны максимумға дейін өлшеу процесін қате көрсетуі мүмкін (күйдіру кезінде жану аймағының қисаюуына байланысты).

Күйеженің тектеу процесін бақылау өлшеу және тіркеу арқылы келесі параметрлерді жентектеу басталғаннан кейін әрбір жарты минут немесе минут сайын жүзеге асырылады:

- Бөлінетін газдардың температурасы;
- Оттық тор астындағы сиретуді мм. су бағанасымен су манометрімен өлшеу;
- Су манометрінің көмегімен қысымның төмендеуін өлшеу;
- ХА-термопара көмегімен өлшенетін вакуум-камерадағы газдардың температурасы.

Көрсетілген шамалардан басқа кейбір тәжірибелерде (жауапты орындаушының нұсқауы бойынша) шихта қабатының әртүрлі горизонттарында сирету мен температураны өлшеу жүргізіледі, сондай-ақ газды талдау үшін сынама алу жүргізіледі. Әрбір жағдайда осы шамаларды өлшеу жиілігі ерекше келісіледі.

Жентектеу кезінде циклонды шаң жинағышын, онда шихтаны жоңқамен тұтату кезінде пайда болатын шайырды және шихтадан газ алып кеткен ылғалды конденсациялау мақсатында салқындату міндетті. Өйткені, шайыр диафрагма мен эксгаустерлердің қалақшаларына конденсацияланып, соңғысының сипаттамаларын өзгертеді.

Күйеженің тектеу аяқталғаннан кейін су өшіріліп (жабылып), эксгаустер орнатылады. Шибер жапқышы ашылады. Жентек биіктігі шөгу биіктігін анықтау үшін жазылады.

2.4.3.4 Агломераттан жентекті түсіру және оны бөлшектеу. Шығарылған газдардың температурасы төмендей бастағаннан 2 минут өткен соң, эксгаустерлер өшірілген кезде, тостаған қолмен аударылып, агломерат жентегі темір қаңылтырға түсіріледі. Жентектеу өнімі электрондық таразыда өлшенеді және журналға жазылады.

2.4-кесте – Күйежентектеу процесінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Тәжірибе №		
	1	2	3
Кокс құрамы К, %			
Қайтарым құрамы В, %			
Флюстың құрамы Ф, %			
Ылғал құрамы W, %			
Ылғалданған шикіқұрамның салмағы G _ш , кг			
Жүктелген шикіқұрамның биіктігі Н, мм			
Күйежентектеу уақыты $\tau_{\text{сп}}$, мин			
Шөгу биіктігі h _{yc} , мм			
Газдың максималды шығу температурасы t _{вг} , °С			
Күйежентектелген қабаттағы температура t _{сп} , °С			
Күйежентектеу жылдамдығы С, мм/мин			
Күйежентектеу кезінде салмағының жоғалуы П, %			
Көлемді салмақ V, т/м ³			
Өнімділік Q, т/м ² ·час			
Қайтарым балансы Б, %			
Барабанның беріктігі ГОСТ-15137-77 бойынша			
- Соқыға беріктік Х, %			
- Үйкелуге беріктігі Х ₁ , %			
Жарамды агломераттың шығуы ВГ, %			

2.4.5 Күйежентектеу нәтижелерін өңдеу. Күйежентектеу нәтижелерін өңдеу кезінде келесі шамалар есептеледі:

Күйежентектеу жылдамдығы С, мм/мин.

$$C = \frac{H}{\tau} \text{ мм/мин} \quad (2.3)$$

мұндағы Н – жентектелетін шикіқұрам қабатының биіктігі; мм;

τ – жентектелу ұзақтығы, мин.

Әрбір тәжірибе үшін орташа сирету (Р_{ср}) мм су бағанасымен әр жарты минут сайын сиретілуді өлшеген жағдайда:

$$P_{cp} = \frac{\sum P^{\tau}}{2 \cdot \tau + 1} \quad (2.4)$$

мұндағы $\sum P^{\tau}$ – тәжірибе кезінде сиретілу сомасы, мм.су. ст.
 $2\tau+1$ – өлшеулер саны (τ – мин-дегі жентектеу ұзақтығы).

Жентектеу кезінде массаның жоғалуы (Π , %)

$$\frac{Q' - P_{cn}}{Q'} 100\% = \Pi\% \quad (2.5)$$

мұндағы Q' – жүктелген шикіқұрам мен төсемнің салмағы, кг;
 P_{cn} – күйежентектелген материалдың салмағы, кг.

Агломераттың көлемдік салмағы (V), т/м³

$$v = \frac{P}{S(H - h_{yc})} \quad (2.6)$$

мұндағы P_{cn} – күйежентектелген материалдың салмағы кг;
 S – жентектеу ауданы м²;
 $H_{пир}$ – агломерат өнімінің биіктігі, в мм, где
 $H_{сл.ш}$ – шикіқұрам қабатының биіктігі, мм;
 h_{yc} – шөгу мөлшері, мм.

Агломерациялық қондырғының меншікті өнімділігі (т/м² · сағ):

$$q = \frac{P' \cdot 60}{S \cdot \tau_{cn} \cdot 1000} \quad (2.7)$$

мұндағы P' – жарамды агломераттың салмағы, кг;
 S – күйежентектелу ауданы, м²;
 τ_{cn} – күйежентектеу ұзақтығы, мин.

Ескертпе: кіші тостағанның күйежентектеу ауданы (Ø 100 мм) 0,007 м².

2.4.6 Қауіпсіздік шаралары:

- 1) жұмыс жетекшісінің рұқсатынсыз өздігінен жабдықтар мен аспаптарды іске қосуға тыйым салынады;
- 2) қондырғы жұмыс істеп тұрған кезде аспаптарға зақым келтірмеу және манометрді бұзбау үшін сақтық шараларын ұстану қажет;
- 3) агломерациялық тостаған жұмыс істеп тұрған кезде студент міндетті түрде респиратор, тор немесе мөлдір, қауіпсіз шыныдан жасалған көзілдірік, маска, қолына брезент қолқап немесе қалың қолқап киюі, сондай-ақ түймелері түймеленген арнайы жұмыс киімін киюі тиіс;
- 4) тұтандыру қоспасын тұтату кезінде студенттер қауіпсіз қашықтықта (2 м) болуы тиіс, себебі қатты жану орын алуы мүмкін, бұл күйікке әкелуі мүмкін;
- 5) тұтандырғыш қоспаны жетекшісі өз еркімен тұтатуға тыйым салынады;
- 6) өнімді түсіру кезінде студенттер абай болу керек, өйткені өнімнің температурасы 300 °C-тан асады. Өнімді тек жетекшінің қатысуымен түсіру қажет;
- 7) кен материалы мен агломерат өнімін ұсақтау кезінде студенттер абай болу керек, өйткені ұсақтау кезінде ұсақтағыштың ұсақтағыш бөлігінен кен материалының қатты бөлігі ұшуы мүмкін;
- 8) ұсатқышта жұмыс істеген кезде ұсату камерасы арнайы қақпақпен жабылуы тиіс, осыдан кейін ғана жабдық қосылады;
- 9) барлық жұмыстар қатаң түрде жетекшінің қатысуымен жүргізіледі.

Бақылау сұрақтары

1. «Агломерация» терминіне анықтама беріңіз.
2. Агломерациялық шикіқұрам негізгі компоненттерін атаңыз және оны күйежентектеуге дайындық кезеңдерін атаңыз.
3. Агломераттың жентектеу жылдамдығына әсер ететін факторлары қандай?
4. Агломератты жентектеу процесінде конденсация және аса ылғалдану аймақтары қандай себептермен пайда болады?
5. Агломерат құрылымын қалыптастыру кезінде пайда болатын негізгі физика-химиялық процестерді сипаттаңыз.
6. Аглошикіқұрамдағы отынның біркелкі таралуына қарамастан, агломераттың төменгі қабаты неге көбірек балқиды?
7. Неліктен қызыл және қоңырға қарағанда магниттік темір кендерін жентектеу кокс ұнтақтарының аз шығынымен жүреді?

8. Агломераттың сапасына қойылатын талаптар қандай?
9. Агломераттың беріктігін сынау әдістерін сипаттаңыз.
10. Аглошикіқұрам негізділігі агломераттың беріктігі мен минералогиялық құрамына қалай әсер етеді?

2.5 Түсіргіш беріктігін анықтау. Зертханалық жұмыс № 5

2.5.1 Жұмыс мақсаты: Кен материалдарының, агломераттың, шекемтастың 2 метр биіктіктен түсіргіш беріктігін анықтауды үйрену.

2.5.2 Негізгі ақпарат. Агломераттың беріктігі үлгіні сынаудан кейін ұсақ заттардың құрамын анықтай отырып, айналмалы барабанға түсіру және өңдеу әдісімен анықталады. Агломерат құймасының тастауын агломерациялау машинасының таспасыдағы тарсылға ұқсайды, ол салқындатқышқа, вагонға, содан кейін вагоннан металлургиялық (домна) цехтарының бункерлеріне, пеш қалталарына (ферроқорытпа) немесе вагон-таразы қалталарына, скипке, кіші және үлкен конустарға, ең соңында, пешке түседі.

Осы шамадан тыс жүктемелердің әрқайсысында құлау биіктігінен бастап және әртүрлі зауыттардағы саны әртүрлі болғандықтан, стандартты төрттен жоғары санын көбейтудің немесе тастау биіктігін 2 м немесе одан да көпке дейін арттырудың мағынасы жоқ. Беріктік туралы қажетті ақпаратты стандартты эксперименттік жағдайларда да алуға болады. Көптеген зерттеулер ұсақ фракциялардың негізгі бөлігі кесек шикізатта бірінші және екінші тастаудан кейін түзілетінін анықтады. Лабораториялық жағдайда тастауға жарамды агломераттың фракциялық құрамы 10-нан 40 кг-ға дейін ауытқиды [10, 11].

Түсіргіш құрылғысы 2300 мм. құрылғы болып табылады. Жоғарғы және төменгі бөліктерде симметриялы түрде биіктігі 300 мм контейнерлер орналасқан. Үстіңгі контейнер төменнен тасталатын плита есікте құлыптау тақтасымен бекітілген.

Тасталатын плита құлыптау құрылғысымен тығыз жабылған. Тасталатын плита мен болатты плитаның қалыңдығы 10 мм төменгі контейнерге тасталатын сынақ материалының арақашықты 2 м. Тасталатын плита мен жоғарғы контейнер қол шығыры көтергіш механизмі арқылы құрылғысы бағана бойымен қозғалады және төмендегі 2.10-суретте көрсетілген.

2.5.3 Сынақты өткізу үшін қолданады:

- түсіргіш, МемСТ 25471 сәйкес келеді [18] 2.10-суретте келтірілген;

- өлшемдері 400×400 мм және биіктігі 100 мм ағаш жақтаудағы електер, қабырғалары 5, 10, 25 және 40 мм төртбұрышты тесіктері бар мен торлары бар;
- электронды таразылар;
- үлгі үшін контейнерлер, күректер, шөміш, қылқалам, металл науалар;
- бөлгіштер.



2.10-сурет – Түсірілетін кендердің беріктігін сынауға арналған құрылғы

2.5.4 Қайтару балансын анықтау үшін сынауға дайындық. Сынақ үшін сынама немесе салмағы кемінде 40 кг құйма (пирог) алынады. Түсірілгеннен кейін қайтару балансын анықтау үшін 5,0 мм-ден аз фракцияларды сүзгіден өткізіп, өлшенеді және 2.4-кестенің сәйкес жолы толтырылады (Зертханалық жұмыс №4, 2.4-бөлім).

Қайтару балансын $B, \%$, формула бойынша есептеледі

$$B = \frac{B_n}{B_z} \cdot 100, \quad (2.8)$$

мұндағы B_n – алынған қайтарым саны, кг;

B_z – берілген қайтарым саны, $B_z = -5,0$ мм.

2.5.5 Беріктікті анықтау үшін сынауға дайындық. Сынақ үшін сынама немесе салмағы кемінде 60 кг құйма алынады:

- 5-тен астам және 25 мм-ден аз – шекемтастар үшін;
- 10 мм-ден жоғары және 40 мм-ден төмен-кесек сұрыпталған рудалар мен агломераттарға арналған.

Кен немесе агломерат сынамасында 40 мм фракция материал массасының 10%-нан асқан жағдайда, онда материал бөлшектеуге ұшырайды және өлшемі 10 мм-ден асатын кесектер сынауға арналған тесікпен біріктіріледі.

Сынама түсіргіш құрылғысына жүктеу үшін бөлгіште әрқайсысының салмағы (15 кг) төрт аспаға бөлінеді.

2.5.6 Сынақ жүргізу. Құйманы түсіргіш құрылғысына жүктемес бұрын, жоғарғы қорап шығырдың көмегімен жоғарғы қалыпқа орнатылады, түсіру есігі жабылады және құлыппен (Ысырма) бекітіледі. Төменгі қораптың есігі шпингалетпен жабылады.

Дайындықтан кейін түсіргіш есік ашылып, материалдың түсірілуі басталады. Тастау аяқталғаннан кейін материалды қабылдау контейнеріне қолымен таңдалады. Барлық алынған материал 2,5 минут ішінде (МемСТ 25471) дірілдейтін гүрсілге немесе 5 мм ұяшық өлшемімен қолмен електен өткізіледі. Алынған нәтижелер 5 мм-ден жоғары және 5 мм-ден аз ірілік сыныптары бөлек өлшенеді.

2.5.7 Нәтижелерді өңдеу. Тастауға беріктік көрсеткіші X_2 , %, төмендегі формула арқылы анықталынады:

